



BAITEREK

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік
қоғамы**

**Аудиттелмеген қысқартылған жекелеген аралық
қаржылық есептілігі**

2018 жылғы 30 маусым

МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕЛЕГЕН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ШОЛЫП ТЕКСЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕЛЕГЕН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ

Қаржылық жағдайы туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп	1
Пайда немесе залал және өзге жиынтық табыс туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп	2
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп	4

Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер

1	Кіріспе	5
2	Холдингтік Компания өзінің қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта	6
3	Қаржылық есептілігін әзірлеу негіздері	6
4	Есеп саясатының негізгі ережелері	8
5	Қаржылық тәуекелдерді талдау	15
6	ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысу	20
7	Ақша қаражаты және олардың баламалары	21
8	Депозиттер	22
9	Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	22
10	Инвестициялық бағалы қағаздар	24
11	Еншілес ұйымдарға инвестициялар	24
12	Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	25
13	Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	25
14	Акционерлік капитал	26
15	Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып есептелген пайыздық кірістер	26
16	Пайыздық шығыстар	27
17	Алынған дивидендтер	27
18	Өзге операциялық кірістер	28
19	Әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар	28
20	Табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемдеу	28
21	Қаржылық тәуекелдерді басқару	29
22	Шартты міндеттемелер	32
23	Байланысты тараптармен жүргізілген операциялар	33
24	Әділ құн	34
25	Есептік күннен кейінгі оқиға	35



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
Қазақстан, 050051, Алматы,
Достық д-лы, 180,
Тел.: +7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, 050051, Алматы,
пр. Достык, 180,
E-mail: company@kpmg.kz

Аралық қысқартылған жекелеген қаржылық ақпаратты шолу бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Акционеріне және Директорлар кеңесіне

Кіріспе

Біз «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» Акционерлік Қоғамының (бұдан былай - «Холдингтік Компания») 2018 жылдың 30 маусымындағы аралық қысқартылған жекелеген қаржылық жағдай туралы есебінің және осыған қатысты көрсетілген күні аяқталған алты ай кезең бойынша қысқартылған жекелеген пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерінің, сондай-ақ, есеп саясатының тұжырымдамасы мен басқа түсіндірмелі ескертпелерінің (бұдан былай «аралық қысқартылған жекелеген қаржылық ақпарат») шолуын жүргіздік. Холдингтік Компанияның басшылығы осы аралық қысқартылған жекелеген қаржылық ақпаратты 34-ші «Аралық қаржылық есептілігі» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (IAS) сәйкес дайындауға және әділ түрде көрсетуге жауапты болады. Біз жүргізген шолу нәтижелері бойынша көрсетілген аралық қысқартылған жекелеген қаржылық ақпарат туралы қорытынды қалыптастыруға жауаптымыз.

Шолу көлемі

Біз 2410-шы «Кәсіпорынның тәуелсіз аудиторы орындаған аралық қаржылық ақпаратты шолу» Халықаралық шолуды жүргізу тапсырмалары бойынша стандарты талаптарына сай шолу жүргіздік. аралық қысқартылған жекелеген қаржылық ақпаратты шолу негізінен қаржылық және бухгалтерлік мәселелер үшін жауапты тұлғалардан ақпарат алу үшін сұрату жасау мен талдамалық және шолу шегінде қажетті басқа да рәсімдерден тұрады. Шолу көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудитке қарағанда анағұрлым аз, және сол себепті де, бізге аудит барысында анықталуы мүмкін барлық елеулі мәселелер белгілі болды деген сенімділікті қамтамасыз ете алмайды. Демек, біз аудиторлық пікірді білдірмейміз.



«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ

Аралық қысқартылған жекелеген қаржылық ақпаратты шолу бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебі

2-бет

Қорытынды

Жүргізілген шолу нәтижесінде 2018 жылдың 30 маусымындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған алты ай кезең бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын аралық қысқартылған жекелеген қаржылық ақпарат барлық елеулі қатынастарда 34-ші «Аралық қаржылық есептілігі» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (IAS) сәйкес әділ көрсетілмегендігіне назар аударуға себеп болатын деректер анықталмады.



Ирматов Р. И.

Сенімді тұлға (Аудит жөніндегі өріптес)

«КПМГ Аудит» ЖШС

Алматы, Қазақстан Республикасы


2018 жылдың 29 тамызы

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қаржылық жағдайы туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп**


<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескертпе	2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан*
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және оның баламалары	7	2,126,086	225,777
Депозиттер	8	12,937,252	18,542,858
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	9	418,525,965	399,200,826
Инвестициялық бағалы қағаздар	10	4,325,893	31,226
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	11	873,882,161	873,882,161
Алынған дивидендтер	17	11,672,270	-
Негізгі құралдар		84,773	49,672
Материалдық емес активтер		832,357	765,536
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлемдер		1,466,347	1,226,993
Басқа активтер		314,769	635,622
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		1,326,167,873	1,294,560,671
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	12	308,417,467	299,070,782
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	13	103,732,941	93,730,536
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме		1,087,285	1,144,040
Басқа міндеттемелер		474,921	1,085,679
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		413,712,614	395,031,037
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	14	846,218,712	846,218,712
Бөлінбеген пайда		66,236,547	53,310,922
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		912,455,259	899,529,634
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		1,326,167,873	1,294,560,671

* Холдингтік Компания 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ХҚЕС (IFRS) 9 қолдануды бастады. Ауысудың таңдалған әдістеріне сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (4 және 6 ескертпелерді қараңыз). ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану нәтижесінде Холдингтік Компания белгілі баптарды ұсыну тәртібін өзгертті, салыстырмалы деректердің ұсынылуы да тиісті түрде өзгертілген (4 және 6 ескертпелерді қараңыз).

2018 жылғы 29 тамызда шығарылуға бекітілген және басшылықтың атынан қол қойылған :


Ерсайын Ерболатұлы Хамитов
Басқарушы директор -
Басқарма мүшесі




Құралай Дамирқызы Есенғараева
Бас бухгалтер

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Пайда немесе залал және өзге жиынтық табыс туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескертпе	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай *, аудиттелмеген
Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісі қолданылып есептелген пайыздық кірістер	15	15,178,342	12,502,662
Басқа пайыздық кірістер		10	-
Пайыздық шығыстар	16	(14,177,037)	(11,444,370)
Таза пайыздық кірістер		1,001,315	1,058,292
Дивидендтер бойынша кірістер	17	13,990,059	14,768,097
Өзге операциялық кірістер, нетто	18	219,613	2,100,273
Өкімшілік және өзге де операциялық шығыстар	19	(1,961,378)	(1,472,997)
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда		13,249,609	16,453,665
Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыс)	20	56,755	(424,236)
ПАЙДА ЖӘНЕ КЕЗЕҢ ІШІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ		13,306,364	16,029,429

* Холдингтік Компания 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ХҚЕС (IFRS) 9 қолдануды бастады. Ауысудың таңдалған әдістеріне сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (4 және 6 ескертпелерді қараңыз). ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану нәтижесінде Холдингтік Компания белгілі баптарды ұсыну тәртібін өзгертті, салыстырмалы деректердің ұсынылуы да тиісті түрде өзгертілген (4 және 6 ескертпелерді қараңыз).

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескертпе	Акционерлік капитал	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2017 жылғы 1 қаңтардағы қалдық		802,318,712	38,570,681	840,889,393
Кезең ішіндегі пайда, аудиттелмеген		-	16,029,429	16,029,429
Кезең ішіндегі жиынтық кіріс жиыны, аудиттелмеген		-	16,029,429	16,029,429
Акциялар эмиссиясы, аудиттелмеген	14	13,900,000	-	13,900,000
2017 жылғы 30 маусымдағы қалдық, аудиттелмеген		816,218,712	54,600,110	870,818,822
2018 жылғы 1 қаңтардағы қалдық *		846,218,712	53,310,922	899,529,634
2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысудан әсер, аудиттелмеген	6	-	(380,739)	(380,739)
2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қайта есептелген қалдық, аудиттелмеген		846,218,712	52,930,183	899,148,895
Кезең ішіндегі пайда, аудиттелмеген		-	13,306,364	13,306,364
Кезең ішіндегі жиынтық кірістің жиыны, аудиттелмеген		-	13,306,364	13,306,364
2018 жылғы 30 маусымдағы қалдық, аудиттелмеген		846,218,712	66,236,547	912,455,259

* Холдингтік Компания 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ХҚЕС (IFRS) 9 қолдануды бастады. Ауысудың таңдалған әдістеріне сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (4 және 6 ескертпелерді қараңыз).

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған жекелеген аралық есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескертпе	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай *, аудиттелмеген
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Алынған пайыздар		1,597,420	1,740,956
Төленген пайыздар		(577,009)	(498,317)
Алынған дивидендтер	17	2,317,789	114,295
Төленген әкімшілік және басқа операциялық шығыстар		(2,266,503)	(2,154,467)
Төленген табыс салығы		(239,354)	(261,143)
Операциялық қызметтен алынған/(пайданылған) ақша қаражатының таза қозғалысы		832,343	(1,058,676)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Еншілес кәсіпорындар капиталына жарна	11	-	(19,100,000)
Депозиттерді орналастыру		-	(2,000,000)
Депозиттерді өтеу		5,350,000	8,080,000
Еншілес кәсіпорындарға несиелер беру	9	(10,000,000)	(116,100,000)
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелерді өтеу	9	1,621,372	-
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қағаздарды сатып алу		(4,214,552)	-
Негізгі құралдарды сатып алу		(57,482)	(73)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(10,000)	(3,485)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған, ақша қаражатының таза қозғалысы		(7,310,662)	(129,123,558)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	13	10,000,000	116,100,000
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздарды өтеу	9	(1,621,372)	-
Қарапайым акциялар эмиссиясы	14	-	13,900,000
Қаржылық қызметтен алынған ақша қаражатының таза қозғалысы		8,378,628	130,000,000
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза ұлғаюы/(азаяуы)			
Кезең басындағы ақша қаражаты және оның баламалары		1,900,309	(182,234)
		225,777	272,994
Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	7	2,126,086	90,760

* Холдингтік Компания 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ХҚЕС (IFRS) 9 қолдануды бастады. Ауысудың таңдалған әдістеріне сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (4 және 6 ескертпелерді қараңыз).

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

1 Кіріспе

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы («Холдингтік Компания») Қазақстан Республикасы Президентінің «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару және ұлттық экономиканы дамыту жүйесін оңтайландыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы №516 қаулысына сәйкес құрылды. 2018 жылғы 30 маусымдағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Холдингтік Компанияның соңғы бақылаушы тарабы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Холдингтік Компания, он бір еншілес кәсіпорынның тікелей акционері болып табылады (31 желтоқсан 2017 жыл: он бір).

Негізгі қызмет

Холдингтік Компанияның миссиясы, «Стратегия – 2050» алға қойылған мемлекеттік саясатты іске асыру және мақсаттарға қол жеткізу мақсатында, Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Холдингтік Компания, 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын, Қазақстан Республикасын индустриалды-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, «Бизнесік жол картасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасын, Отандық өндірушілерді қолдау бағдарламасын, Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнесті («ШОБ») қолдау бағдарламасын, «Тиімділік 2020» мемлекеттік бағдарламасын, Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын, Отандық өндірушілерді қолдау мемлекеттік бағдарламасын, Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнесті қаржыландыру мемлекеттік бағдарламасын, «Бәсекеге қабілетті көшбасшылар – ұлттық чемпиондар» бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасын іске асыру арқылы мемлекеттің стратегиялық және әлеуметтік міндеттерін шешуге белсенді түрде қатысады.

Холдингтік Компания өзінің қызметінде индустриалды-инновациялық даму, ұлттық өнімдер экспортын жылжыту, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын үй-құрылыс секторындағы міндеттерді іске асыру және халықтың әл-ауқатының деңгейін көтеру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі қойған өзге де міндеттерін басшылыққа алады.

Төменде Холдингтік Компанияның негізгі еншілес кәсіпорындары ұсынылған:

Еншілес кәсіпорын атауы	Қысқартылған атауы	Тіркелген елі	Иелік ету үлесі, %	
			2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	«ҚДБ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ	«ҚИҚ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ	«ҚЭ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	«Даму» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ	«ТДҰА» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ	«ҚКМ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақтаушы банкі» АҚ	«ҚТҚЖБ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстандық ипотекалық компания» ипотекалық ұйымы	«ҚИК» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Кепілдендірілген тұрғын үй құрылысы қоры» АҚ	«КТҚҚ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Бәйтерек Девелопмент» АҚ	«БД» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС	«KPPF» ЖШС	Қазақстан Республикасы	97.70	97.70

Холдингтік Компанияның тіркелген мекенжайы және қызметін жүргізу орны. Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55а, Холдингтік Компанияның заңды мекежайы және қызметін жүзеге асыратын нақты орыны мынау болып табылады.

2 Холдингтік Компания өзінің қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

Холдингтік Компания өзінің қызметін негізінен Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Сол себепті де, Холдингтік Компания дамушы нарыққа тән сипаттардың ерекшеліктерін көрсететін, Қазақстан Республикасы нарығындағы экономикалық және қаржы дағдарыстарына бейімделген. Нормативтік құқықтық база мен салық заңнамасын жетілдіру жалғасуда, алайда, Қазақстан Республикасында өзінің қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін жиынтығында құқықтық және фискалдық жүйелердің қосымша қиындықтарын туындататын, жиі енгізілетін өзгерістерге әртүрлі түсіндірмелердің ықтималдығына жол береді және бейім болып келеді. Ұсынылып отырған қысқартылған жекелеген аралық қаржы есептілігі, Холдингтік Компания қызметінің нәтижелеріне және жекелеген қаржы ережелеріне арналған қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асырудың қолданыстағы шарттарына ықтимал әсерді Холдингтік Компания басшылығының бағалауын көрсетеді. Қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асырудың шарттарын одан ірі дамыту, басшылықтың бағасынан өзгеше болуы мүмкін.

3 Қаржылық есептілігін әзірлеу негіздері

ХҚЕС сәйкестігі туралы мәлімдеме. Ұсынылып отырған қысқартылған жекелеген аралық қаржы есептілігі, «Аралық қаржы есептілігі» 34 Халықаралық қаржы есептілігі стандартына (бұдан әрі – ХҚЕС) (IAS) сәйкес әзірленді. Бұл есептіліктің құрамына, Холдингтік Компанияның жекелеген қаржылық жағдайындағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және аталған күні аяқталған жыл ішіндегі соңғы жекелеген жылдық қаржылық есептілікті дайындағаннан кейін орын алған оның қызметінің нәтижелеріндегі өзгерістерді түсіну үшін қажетті маңызды оқиғалар мен операцияларды түсіндіретін таңдаулы ескертпелер қосылған. Бұл қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілік, ашылуы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалған толық жекелеген жылдық есептілік үшін талап етілетін толық ақпаратты құрамайды.

Бұл 9 ХҚЕС (IFRS) талаптары қолданылып дайындалған Холдингтік Компанияның қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігінің бірінші жинақталымы. Есептік саясаттың елеулі қағидаттарының өзгерістері төменде 4-ескертпеде ашылады.

Холдингтік Компания сондай-ақ, 34 IAS сәйкес, 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай кезең ішіндегі қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілігін әзірлеу үстінде, оны Холдингтік Компанияның басты кеңсесінен мына мекенжай бойынша алуға болады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел 55а.

Құнды анықтау базасы. Әділ құн бойынша көрсетілетін кезең ішіндегі өзгерістері пайда немесе залалдың құрамында көрінетін, әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, бұл қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілік бастапқы құны бойынша есепке алу ережелерінің негізінде дайындалған.

Қолданыстағы валюта және есептілікті ұсыну валютасы. Холдингтік Компанияның қолданыстағы валютасы қазақстандық теңге (бұдан әрі – теңге) болып табылады, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы болғандықтан, Холдингтік Компания жүргізетін көпшілік операциялардың және оның қызметіне әсер ететін, осымен байланысты оқиғалардың экономикалық мәнін ең жақсы жолмен көрсетеді.

Қазақстандық теңге сондай-ақ, аталған осы жеке қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігін ұсыну валютасы болып табылады.

Қаржылық ақпараттың барлық деректері, егер өзгеше көзделмеген болса, толық мың теңгеге дейін дөңгелектенген.

Кәсіби пайымдауларды, есептік бағалауды және жорамалдарды пайдалану. ХҚЕС талаптарына сәйкес қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігін әзірлеу, басшылықты есептік саясаттың қолданылуына және жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікте ұсынылған активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың шамасына әсер ететін пайымдаулар, есептік бағалаулар және жорамалдар жасауға міндеттейді. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаудан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалар және оның түбінде жатқан жорамалдар жүйелі түрде қайта қарастырылып отырады. Бағадағы түзетулер тиесілі бағалар қайта қарастырылған есеп кезеңінде және олар қозғайтын кез келген келесі кезеңдерде танылады.

Осы қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігін әзірлеу кезінде басшылықтың, Холдингтік Компанияның есептік саясатын қолдану кезінде жасалған басшылықтың елеулі жол берулері мен бағалаудың тұрлаусыз негізгі көздері, «Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелердің» 9-ескертпесінде және «Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздардың» 13-ескертпесінде ашылғандарды қоспағанда, 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде, Холдингтік Компанияның жекелеген қаржы есептілігін әзірлеу кезінде пайдаланылған жол берулерге және бағалауларға сәйкеседі.

3 Қаржылық есептілігін әзірлеу негіздері, жалғасы

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған кезең ішіндегі қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептіліктегі деректердің айтарлықтай түзетуінің себебі болуы мүмкін елеулі тәуекел бар белгісіздікке байланысты жорамалдар және бағалаулар туралы ақпарат келесі ескертпелерде ашылған:

— қаржылық құралдардың құнсыздануы: бастапқы тану сәтінен бастап қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі артуы және күтілетін кредиттік залалдардың бағасына болжамдық ақпаратты қосу орын алды ма екендігін бағалау – Ескертпе 5.

Есептік саясатты және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту

9 «Қаржылық құралдары» ХҚЕС (IFRS)

2014 жылдың шілде айында ХҚЕС жөніндегі кеңес ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» ақырғы нұсқасын шығарды. ХҚЕС (IFRS) 9, оларды мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен, 2018 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық есептік кезеңдерге немесе бұл кезеңнен кейін қолданылып күшіне енеді. Жаңа стандарт ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар: тану және бағалау» алмастырады.

2017 жылдың қазан айында ХҚЕС жөніндегі кеңес ХҚЕС (IFRS) 9 «Теріс өтемақымен мерзімінен бұрын өтеу туралы шарт» түзетулер шығарды. Бұл түзетулер оларды мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен, 2018 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық есептік кезеңдерге немесе бұл кезеңнен кейін қолданылып күшіне енеді.

Холдингтік Компания, 2014 жылғы шілде айында шығарылған ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолдануды бастады және осы күннен бастап ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетулерді мерзімінен бұрын қолданды. ХҚЕС (IFRS) 9 талаптары ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар: тану және бағалау» талаптарынан айтарлықтай ерекшеленеді. Жаңа стандарт қаржылық активтер есебіне және қаржылық міндеттемелердің есебінің кейбір актілеріне іргелі өзгерістерді енгізеді.

Бұдан әрі ХҚЕС (IFRS) 9 қолданылуымен шартталған Холдингтік Компанияның есептік саясатының шешуші өзгерістері туралы жалпыланған ақпарат.

Қаржылық активтерді және қаржылық міндеттемелерді сыныптау. 9 ХҚЕС (IFRS) қаржылық активтерді бағалаудың үш негізгі санаттарын қарастырады: амортизацияланған құн бойынша, басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша. 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес қаржылық активтердің сыныпталуы, негізінен, бизнес-модельдің негізінде айқындалады, оның аясында қаржылық активті, және шартпен қарастырылған осы актив бойынша ақшалай қаражаттың ағындарын басқару жүзеге асырылады. Стандарт 39 ХҚЕС (IAS) бар қаржылық активтердің санаттарын қысқартады: өтеу мерзіміне дейін ұсталатын, сату үшін қолда бар несиелер және дебиторлық берешек. 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес, стандартты қолдану саласындағы қаржылық актив болып табылатын негізгі шартқа кіріктірілген туынды құралдар негізгі шарттан ажыратылмайды. Оның орнына барлық гибриді құрал тұтастай оның сыныптамасына бағаланады. Холдингтік Компания қаржылық активтерді 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес қаржылық активтерді қалайша сыныптағанына қатысты түсініктемелер 4 ескертпеде келтірілген.

ХҚЕС (IFRS) 9 қаржылық міндеттемелерді жіктеуге қатысты ХҚЕС (IAS) 39 қолданыстағы талаптарын сақтайды. Оған қоса, ХҚЕС (IAS) 39-да қарастырылған, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына жатқызылған міндеттемелердің әділ құнының барлық өзгертулері пайда немесе залалдың құрамында танылатын тәртіпке қарағанда, ХҚЕС (IFRS) 9-да қарастырылған тәртіпке сәйкес, бұл өзгертулер жалпы жағдайда келесідей түрде ұсынылады:

- меншікті несиелік тәуекелдің өзгерістерімен шартталған қаржылық міндеттеменің әділ құнының өзгерістерінің бөлігі, басқа жиынтық табыстың құрамында ұсынылады; және
- әділ құнның өзгерісінің қалған бөлігі пайда немесе залалдың құрамында ұсынылады.

Холдингтік Компания қаржылық міндеттемелерді ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес қалайша сыныптайтындығына қатысты түсініктемелер, 4 ескертпесінде көрсетілген.

Қаржылық активтердің құнсыздануы. 9 ХҚЕС (IFRS) 39 ХҚЕС (IAS) қолданылатын «келтірілген залалдар» үлгісін «күтілетін кредиттік залалдар» үлгісіне ауыстырады. Құнсыздануды бағалаудың жаңа үлгісі сонымен қатар қарыз беру жөніндегі кейбір міндеттемелерге және қаржылық кепілдік шарттарына қатысты қолданылады, бірақ үлестік құралдарға салынатын инвестицияларға қатысты қолданылмайды. ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес кредиттік залалдар ХҚЕС (IAS) 39 қарағанда ертерек танылады. Холдингтік Компания ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарын құнсыздануды бағалауға қатысты қалайша қолданатындығы 4 ескертпеде түсіндіріледі.

Жаңа стандартқа ауысу. ХҚЕС (IFRS) 9 күшіне енуімен шартталған есептік саясаттағы өзгерістер ретроспективалық қолданылуға жатады, төменде сипатталған жағдайларды қоспағанда.

- Салыстырмалы кезеңдердегі деректер қайта есептелген жоқ. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің бұрынғы теңгерімдік құны мен олардың 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес теңгерімдік құнының арасындағы айырмашылықтар бөлінбеген пайда немесе меншікті капитал резервтерінің құрамында көрсетіледі. Тиісінше, 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұсынылған ақпарат, ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарын көрсетпейді және, тиісінше, оны 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша және аталған күнге аяқталған алты ай үшін ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес ұсынылған ақпаратпен салыстыруға келмейді.

3 Қаржылық есептілігін әзірлеу негіздері, жалғасы

Есептік саясатты және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту, жалғасы

9 «Қаржылық құралдары» ХҚЕС (IFRS), жалғасы

Жаңа стандартқа ауысу, жалғасы

- Келесі бағалаулар бастапқы қолдану күнінде қолданыста болған фактілер мен жағдайлардың негізінде жасалған:
 - Аясында қаржылық актив ұсталатын бизнес-модельді анықтау.
 - Кейбір қаржылық активтерді және қаржылық міндеттемелерді пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына сыныптау және бұрынғы сыныптаудың күшін жою.
 - Сатуға арналмаған үлестік құралдарға кейбір инвестицияларды басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына сыныптау.
- Егер борышқорлық бағалы қағаздың кредиттік рейтингісі ХҚЕС (IFRS) 9 бастапқы қолдану күніне төмен болса, онда Холдингтік Компания бастапқы тану сәтінен бастап актив бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі өсуі орын алған жоқ деп анықтайды.
- ХҚЕС (IFRS) 9 қолданылуымен шартталған өзгерістер және бұл өзгерістердің ықтимал салдары туралы толығырақ ақпарат 6 ескертпеде ұсынылған.

4 Есеп саясатының негізгі ережелері

Осы қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде, Холдингтік Компания, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын 9 ХҚЕС (IFRS) пайдалануға Холдингтік Компанияның ауысуына қатысты бұдан әрі көрсетілген ерекшеліктермен, 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде жекелеген қаржылық есептілігін құрастыру кезіндегі есептік саясаттың ережелерін қолданады.

Пайыздық кірістер мен шығыстар

Тиімді сыйақы мөлшерлемесі. Пайыздық кірістер мен шығыстар, тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісі қолданыла отырып, пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі. «Тиімді сыйақы мөлшерлемесі» - бұл қаржылық құралдың күтілетін әрекет ету мерзімі бойы есептік болашақ ақшалай төлемдерді немесе түсімдерді:

- қаржылық активтің жалпы теңгерімдік құнына; немесе
- қаржылық міндеттеменің амортизациялық құнына дейін дәл дисконттайтын мөлшерleme.

Кредиттік-құнсызданған активтер болып табылмайтын қаржылық құралдар бойынша тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеген кезде, Холдинг, осы қаржылық құралдың барлық шарттық талаптарын назарға ала отырып, бірақ күтілетін кредиттік залалдарды ескермей, болашақ қаржы құралын бағалайды. Кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер үшін, кредиттік тәуекел ескеріліп түзетілген тиімді сыйақы мөлшерлемесі, күтілетін кредиттік залалдарды қоса алғанда, күтілетін болашақ ақшалай қаражат ағындарының шамасын пайдалана отырып есептеледі. Тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ тиімді сыйақы мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын төленген немесе алынған сыйақылар мен сомаларды қамтиды. Мәмілелер бойынша шығындар, қаржылық активтерді немесе қаржылық міндеттемелерді сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты қосымша шығындарды қамтиды.

Амортизациялық құны және жалпы меншікті құны. Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің «амортизациялық құны» - бұл бастапқы тану кезінде қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бағаланатын сома, минус борыштың негізгі сомасының есебіне төлемдер, плюс немесе минус тиімді сыйақы мөлшерлемесінің әдісін пайдалана отырып есептелген өтеу мерзімі басталған кездегі көрсетілген бастапқы сома мен төленуге жататын сома арасындағы айырмашылықтың жинақталған амортизация шамасы және залалдарға бағалық резервті (немесе 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін құнсыздануға арналған резервті) ескеріп түзетілген қаржылық активтерге қатысты қолданылады.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын «қаржылық активтің жалпы теңгерімдік құны» - бұл залалдарға бағалық резервтің шамасына түзеткенге дейінгі қаржылық активтің амортизацияланған құны.

Пайыздық кірісті және шығысты есептеу. Пайыздық кіріс пен шығысты есептеген кезде тиімді сыйақы мөлшерleme активтің жалпы теңгерімдік құнының (актив кредиттік-құнсызданған болып табылмағанда) немесе міндеттемелердің амортизацияланған құнының шамасына қолданылады.

Алайда бастапқы танудан кейін кредиттік-құнсыздану болған қаржылық активтер бойынша пайыздық табыс қаржылық активтің амортизацияланған құнына тиімді сыйақы мөлшерлемесін қолдану арқылы есептеледі. Егер қаржылық актив енді кредиттік-құнсыздану болып табылмаса, пайыздық табысты есептеу тағы да жалпы теңгерімдік құнның негізінде жүргізіледі.

4 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Пайыздық кірістер мен шығыстар, жалғасы

Пайыздық кірісті және шығысты есептеу, жалғасы

Бастапқы тану кезінде кредиттік-құнсызданған болған қаржылық активтер бойынша пайыздық табыс, кредиттік тәуекел ескеріліп түзетілген тиімді сыйақы мөлшерлемесін қаржылық активтің амортизацияланған құнының шамасына қолдану арқылы есептеледі. Мұндай активтер бойынша пайыздық табысты есептеу, тіпті егер олар бойынша кредиттік тәуекел нәтижесінде азайса да, жалпы теңгерімдік құнның негізінде жүзеге асырылмайды.

Қандай жағдайларда қаржылық активтер кредиттік-құнсыздану болып табылатындығы туралы ақпарат (iv) «Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер» бөлімінде ұсынылған.

Ақпаратты ұсыну. Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы қысқартылған жекелеген аралық есепте ұсынылған пайыздық кірістер мен шығыстар мыналарды қамтиды:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер бойынша, тиімді сыйақы мөлшерлеме әдісі қолданылып есептелген пайыздық кірістер мен шығыстар;
- басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша, тиімді сыйақы мөлшерлеме әдісі қолданылып есептелген пайыздық табыстар;
- пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес борыштық қаржылық құралдар бойынша пайыздық табыстар, және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша пайыздық табыстар «Басқа пайыздық табыстар» ретінде жекелей ұсынылады. Аталған пайыздық табыстар, мәміле бойынша шығындарды шегере отырып, тиімді сыйақы мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып есептеледі.

Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер

(i) Қаржылық құралдарды сыныптау

Бастапқы тану кезінде қаржылық актив не болмаса амортизацияланған құн бойынша, не болмаса басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша, не болмаса пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп сыныпталады.

Қаржылық актив тек егер ол төменде көрсетілген шарттардың екеуіне де жауап берген жағдайда және Холдингтік Компанияның қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде сыныпталмайтын жағдайда ғана амортизацияланған құн бойынша бағаланады:

- актив бизнес-модельдің аясында ұсталады, оның мақсаты шартпен қарастырылған ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу болып табылады, және
- қаржы активінің шарттық талаптарымен, негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген борыштың және сыйақылардың негізгі сомасының төленуін ғана білдіретін ақшалай қаражаттың ағындарының белгіленген мерзімде туындауы қарастырылған.

Борыштық құрал тек егер ол төменде көрсетілген шарттардың екеуіне де жауап берген жағдайда және Холдингтік Компанияның қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде сыныпталмайтын жағдайда ғана басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланады:

- актив бизнес-модельдің аясында ұсталады, оның мақсаты шартпен қарастырылған ақшалай қаражаттың ағындарын алу арқылы да, қаржы активтерін сату арқылы да активтерді ұстап қалу болып табылады, және
- қаржы активінің шарттық талаптарымен, негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген борыштың және сыйақылардың негізгі сомасының төленуін ғана білдіретін ақшалай қаражаттың ағындарының белгіленген мерзімде туындауы қарастырылған.

Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржылық активтер бойынша, пайда мен залал басқа жиынтық табыстың құрамында танылады, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер сияқты пайданың немесе залалдың құрамында танылатын келесі баптарды қоспағанда:

- тиімді сыйақы мөлшерлеме әдісі қолданылып есептелетін пайыздық табыстар;
- күтілетін кредиттік залалдар және құнсызданудан залалдар қалпына келтірілген сомалар; және
- валюталық бағамдардың өзгеруінен пайда немесе залал.

Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржылық активті тануды тоқтатқан кезде, бұдан бұрын басқа жиынтық табыстың құрамында танылған, жинақталған пайда немесе залал меншікті капитал құрамынан пайда немесе залал құрамына қайта сыныпталады.

4 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер, жалғасы

(i) Қаржылық құралдарды сыныптау, жалғасы

Сауда-саттыққа арналмаған үлестік құралдарға инвестицияларды бастапқы таныған кезде, Холдингтік Компания өз қалауынша, кейіннен оның күшін жою құқығынсыз шешім қабылдай алады, басқа жиынтық табыстың құрамында олардың әділ құнының кейінгі өзгерістерін ұсына алады. Бұл таңдау әрбір инвестиция үшін жекелей жүзеге асырылады.

Мұндай үлестік құралдар бойынша пайда немесе залал ешқашан пайда немесе залалдың құрамына қайта сыныпталмайды және пайда немесе залал құрамында құнсыздану танылмайды. Дивидендтер пайда немесе залал құрамында танылады, олар инвестициялардың бастапқы құнының бөлігін қайтару болып табылатындығы айқын болған жағдайлардан басқа, және бұл жағдайда дивидендтер басқа жиынтық табыстың құрамында танылады. Инвестициялар шығыр қалған кезде басқа жиынтық табыстың құрамында танылған, жинақталған пайда мен залал бөлінбеген пайданың құрамына ауыстырылады.

Барлық басқа қаржылық активтер пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде сыныпталады.

Одан бөлек, бастапқы тану кезінде Холдингтік Компания, кейіннен қайта сыныптау құқығынсыз, басқа жиынтық табыс арқылы амортизацияланған құн бойынша немесе әділ құн бойынша бағалауға арналған критерийлерге жауап беретін қаржылық активті, егер бұл олай болмаған жағдайда орын алмайтын есептік сәйкессіздікті жоюға немесе едәуір азайтуға мүмкіндік берсе, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде өз қалауынша сыныптай алады.

Бизнес-модельді бағалау. Холдингтік Компания бизнес-модельдің мақсатының бағалауын жүргізеді, оның аясында қаржы құралдарының қоржынының деңгейінде актив ұсталады, себебі бұл бизнесті басқару және басшылыққа ақпарат беру тәсілін жақсы көрсетеді. Холдингтік Компания келесі ақпаратты талдайды:

- Қоржынды басқару үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сонымен қатар аталған саясаттардың тәжірибеде іске асырылуы. Атап айтқанда, басқару стратегиясы шартпен қарастырылған пайыздық табысты алуға, сыйақы мөлшерлемелерінің белгілі құрылымын ұстап тұруға, қаржылық активтердің өтеу мерзімдерінің бұл активтерді қаржыландыру үшін қолданылатын қаржылық міндеттемелердің өтеу мерзімдеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша ағындарын іске асыруға бағдарланған ба.
- Қоржынның нәтижелілігі қалайша бағаланады және бұл ақпарат Холдингтік Компания басшылығының қаперіне қалайша жеткізіледі.
- Бизнес-модельдің (және осы бизнес-модельдің аясында ұсталатын қаржылық активтердің) нәтижелілігіне ықпал ететін тәуекелдер және бұл тәуекелдерді басқару қалайша жүзеге асырылады.
- Қоржынды басқару үшін жауапты менеджерлерге сыйақы беру қалайша жүзеге асырылады (мысалға, бұл сыйақы аталған активтердің әділ құнына немесе шартпен қарастырылған ақшалай қаражаттың ағындары активтері бойынша алынатын сыйақыға байланысты ма).
- Өткен кезеңдердегі сатылымдардың туындауының жиілігі, көлемі және мерзімдері, мұндай сатылымдардың себептері, сондай-ақ сатылымның болашақ деңгейіне қатысты күтімдер. Алайда сатылым деңгейлері туралы ақпарат оқшауланбаған, ал Холдингтік Компаниямен мәлімделген қаржы активтерін басқарудың мақсатына қалайша қол жеткізілетіне және ақшалай қаражат ағындары қалайша іске асырылатындығына бірыңғай тұтастай талдау аясында.

Сауда үшін ұстап қалынатын немесе оларды басқару жүзеге асырылатын және нәтижелілігі әділ құнның негізінде бағаланатын қаржылық активтер пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын болады, себебі олар шартпен қарастырылған ақшалай қаражаттың ағындарын алу мақсатында да, шартпен қарастырылған ақшалай қаражаттың ағындарын алу ретінде де, қаржылық активтерді сатуға арналған ретіндегі мақсатта да ұсталмайды.

Шартпен қарастырылған ақшалай қаражаттың ағындары негізгі соманың және сыйақылардың төлемі ғана болып табыла ма екендігін бағалау. Бұл бағалаудың мақсаттары үшін «негізгі сома» оны бастапқы таныған кездегі қаржылық активтің әділ құны ретінде айқындалады. «Сыйақылар» ақшаның уақытша құны үшін, белгілі уақыт кезеңі бойынша өтелмеген болып қалатын негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және кредиттеуге байланысты басқа негізгі тәуекелдер және шығындар үшін өтеу ретінде анықталады (мысалға, өтімділік тәуекелі және өкімшілік шығындар), сондай-ақ пайданың маржасын қамтиды.

4 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер, жалғасы

(i) Қаржылық құралдарды сыныптау, жалғасы

Шартпен қарастырылған ақшалай қаражаттың ағындары негізгі соманың және сыйақылардың төлемі ғана болып табыла ма екендігін бағалау, жалғасы

Шартпен қарастырылған ақшалай қаражаттың ағындары негізгі соманың өтелмеген бөлігіне негізгі соманың және сыйақылардың төлемдері ғана болып табылады ма екендігін бағалаған кезде («SPPI критерийі»), Холдингтік Компания қаржылық құралдың шарттық талаптарын талдайды. Бұл қаржылық актив бойынша шарттық талаптары шарт бойынша ақшалай қаражат ағындарының мерзімдерін немесе сомаларын қаржылық актив талданатын талапты қанағаттандырмайтындай өзгерте алатын қандай да шарттық талапты құрай ма екендігін бағалауды қамтиды. Бағалауды жүргізген кезде Холдингтік Компания мыналарды назарға алады:

- ақшалай қаражат ағындарының мерзімдерін немесе сомасын өзгертуі мүмкін шарттық оқиғалар;
- тетік әсеріне ие шарттар (левередж);
- әрекет ету мерзімін мерзімінен бұрын өтеу және ұзарту туралы шарттар;
- Холдингтіу Компанияның талаптарын белгілі активтер бойынша ақшалай қаражат ағындарымен шектейтін шарттар (мысалға, «регресс құқығынсыз» активтер);
- ақшаның уақытша құны үшін өтеудің өзгертілуіне алып келетін шарттар – мысалға, мерзімді негізде сыйақы мөлшерлемесін қайта қарау.

Қайта сыныптау. Холдингтік Компания қаржылық активтерді басқару жөніндегі өзінің бизнес-моделін өзгергеннен кейінгі кезеңдегіні қоспағанда, бастапқы танығаннан кейін қаржылық активтің сыныпталуы өзгермейді. Холдингтік Компания тек егер бұл қаржылық активтерді басқару үшін қолданылатын бизнес-модельді Холдингтік Компания өзгерткен жағдайда ғана қаржылық активтерді қайта сыныптауы тиіс. Мұндай өзгерістер өте сирек болады деп күтіледі. Мұндай өзгерістер Холдингтік Компанияның жоғары басшылығымен сыртқы немесе ішкі өзгерістердің салдары ретінде айқындалуы тиіс және Холдингтік Компанияның қызметі үшін елеулі және сыртқы тараптар үшін айқын болуы тиіс. Тиісінше, Холдингтік Компанияның бизнес-моделінің мақсатының өзгеруі тек Холдингтік Компания оның операцияларына қатысты елеулі қандай да қызметті жүзеге асыруды бастаған немесе тоқтатқан кезде ғана орын ала алады; мысалы, Холдингтік Компаниямен бизнестің белгілі бір бағытын сатып алуы, шығып қалуы немесе тоқтатуы орын алған кезде.

Бастапқы танығаннан кейін қаржылық міндеттемелерді сыныптау өзгертілуге жатпайды.

(ii) Тануды тоқтату

Қаржылық активтер. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап басқа жиынтық табыс құрамында танылған пайданың/залалдың кез келген жинақталған сомасы, Холдингтік Компанияның қалауынша басқа жиынтық табыс арқылы әдір құны бойынша бағалау санатына сыныпталған үлестік инвестициялық бағалы қағаздар бойынша, мұндай бағалы қағаздарды тануды тоқтатқан кезде пайда немесе залалдың құрамына қайта сыныпталуға жатпайды, (i) «Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер» бөлімінде түсіндірілетіндей. Холдингтік Компаниямен құрылған немесе онда сақталған тануды тоқтату үшін талаптар сақталатын берілген қаржылық активтердегі кез келген қатысу үлесі жеке актив немесе міндеттеме ретінде танылады.

(iii) Қаржылық активтердің және қаржылық міндеттемелердің шарттарын түрлендіру

Қаржылық активтер. Егер қаржылық активтің шарттары өзгерсе, Холдингтік Компания, мұндай түрлендірілген актив бойынша ақшалай қаражаттың ағындары айтарлықтай ерекшелене ме екендігін бағалайды. Егер ақшалай қаражаттың ағындары айтарлықтай ерекшеленсе («шарттардың айтарлықтай түрленуі»), онда шартпен қарастырылған бастапқы қаржылық актив бойынша ақшалай қаражаттың ағындарына құқықтар өткен деп саналады. Бұл жағдайда бастапқы қаржылық активті тану тоқтатылады және жаңа қаржылық актив есепте әділ құны бойынша танылады. Қолданыстағы қаржылық активтер немесе қаржылық міндеттемелер бойынша ақшалай қаражат ағындарының шамасының өзгерістері, егер олар шарттың ағымдағы талаптарының салдары болып табылса, шарттардың түрленуі болып саналмайды.

Холдингтік Компания шарттарды түрлендіру елеулі болып табыла ма, яғни бастапқы қаржылық актив бойынша ақшалай қаражаттың ағындары және түрлендірілген немесе оны алмастырған қаржылық актив бойынша ақшалай қаражаттың ағындары айтарлықтай ерекшелене ме екендігіне сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Холдингтік Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық және сандық факторлардың жиынтық факторларын талдай отырып, шарттардың түрленуінің елеулілігіне қатысты сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Егер ақшалай қаражаттың ағындары айтарлықтай ерекшеленсе, онда бастапқы қаржылық актив бойынша шартпен қарастырылған бастапқы ақшалай қаражаттың ағындарына құқықтар өткен деп саналады. Бұл бағалауды жүргізген кезде Холдингтік Компания аналогия бойынша қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатуға қатысты нұсқауларды басшылыққа алады.

4 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер, жалғасы

(iii) Қаржылық активтердің және қаржылық міндеттемелердің шарттарын түрлендіру

Қаржылық активтер, жалғасы

Холдингтік Компания шарттарды түрлендіру келесі сапалық факторлардың негізінде елеулі болып табылады деген тұжырымға келеді:

- қаржылық актив валютасын өзгерту;
- қамсыздандыру тұрпатының немесе актив сапасын арттыратын басқа құралдарды өзгерту.

Егер амортизацияланған құны бойынша бағаланатын түрлендірілген актив бойынша ақшалай қаражат ағындары айтарлықтай ерекшеленбесе, онда шарттардың мұндай түрленуі қаржылық активті танудың тоқтатылуына алып келмейді. Бұл жағдайда Холдингтік Компания қаржылық активтің жалпы теңгерімдік құнын қайта есептейді және жалпы теңгерімдік құнды түзету сомасын пайда немесе залалдың құрамында түрлендіруден пайда немесе залал ретінде таниды. Қаржылық активтің жалпы теңгерімдік құны осы қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді сыйақы мөлшерлемесі пайдаланыла отырып дисконтталған қайта қаралған немесе түрлендірілген ақшалай қаражат ағындарының келтірілген құны ретінде қайта есептеледі. Көтерген шығындар мен комиссиялар түрлендірілген қаржылық активтің теңгерімдік құнын түзетеді және түрлендірілген қаржылық активтің қалған әреет ету мерзімі бойы амортизацияланады. Егер мұндай түрлендіру қарыз алушының қаржылық қиыншылықтарымен шартталса, онда тиісті пайда немесе залал құнсызданудан залалдардың құрамында ұсынылады. Қалған жағдайларда тиісті пайда немесе залал пайыздық табыстардың құрамында ұсынылады.

Шарттарымен қарыз алушының айтарлықтай айыппұлдарсыз номиналды құны бойынша мерзімінен бұрын өтеу құқығы қарастырылған кредиттер үшін, нарықтық шарттардың өзгеруіне жауап ретінде сыйақы мөлшерлемесінің нарықтық деңгейге дейін өзгеруі, Холдингтік Компаниямен сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы құралдар үшін есеп тәртібіне ұқсас ескеріледі, яғни сыйақы мөлшерлеме перспективалы түрде қайта қаралады.

Кредиттік тәуекелді басқару жөніндегі қызметтің аясында Холдингтік Компания қаржылық қиыншылыққа тап болған клиенттердің кредиттері бойынша шарттарды қайта қарайды («кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау тәжірибесі» деп аталады). Егер Холдингтік Компания қаржылық активтің шарттарын, бұл өзгеріс шартпен қарастырылған қазіргі ақшалай қаражат ағындарының бір бөлігінің жеңілдетілуіне алып келетіндей етіп өзгертуді жоспарласа, активтің бөлігі шарттарды түрлендірудің елеулігіне қатысты бағалауды жүргізгенге дейін есептен шығарылады. Нәтижесінде, түрлендіру сәтіне бастапқы қаржылық актив бойынша бұрынғыша танылған болып табылатын шартпен қарастырылған қалған ақшалай қаражат ағындарының шамасы, шарт бойынша жаңа өзгертілген ақшалай қаражат ағындарының шамасына баламалы болуы мүмкін. Егер сандық бағалау нәтижесі бойынша Холдингтік Компания, кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау бойынша Холдингтік Компанияның саясатының аясында өткізілген қаржылық активтердің шарттарының түрленуі елеулі болып табылмайды деген қорытындыға келеді, Холдингтік Компания осы шарттардың түрленуінің елеулігіне қатысты сандық бағалау жүргізеді.

Қаржылық міндеттемелер. Холдингтік Компания, қаржылық міндеттеменің шарттары түрлендірілген міндеттеме бойынша ақшалай қаражат ағындарының шамасы айтарлықтай ауысатындай етіліп өзгеретін кезде қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады. Бұл жағдайда шарттары түрлендірілген жаңа қаржылық міндеттеме әділ құны бойынша танылады. Бұрынғы қаржылық міндеттеменің теңгерімдік құны мен шарттары түрлендірілген жаңа қаржылық міндеттеменің құны арасындағы айырмашылық пайда немесе залалдың құрамында танылады.

Егер шарттардың түрленуі (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) қаржылық міндеттемені тануды тоқтатуға алып келмесе, Холдингтік Компания, шарттардың түрлендірілуі қаржылық активті танудың тоқтатылуына алып келмеген жағдайларда қаржылық активтің жалпы теңгерімдік құнының түзетілуіне қатысты тәсілмен келісетін есептік саясатты қолданады, яғни Холдингтік Компания мұндай түрлендірудің (немесе қаржылық міндеттемені ауыстырудың) нәтижесінде туындайтын қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнын кез келген түзетуді, шарттарды түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) күніне пайда немесе залалдың құрамында таниды.

Холдингтік Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық және сандық факторлардың жиынтық факторларын талдай отырып, шарттардың түрленуінің елеулілігіне қатысты сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Холдингтік Компания келесі сапалық факторлардың негізінде, шарттарды түрлендіру елеулі болып табылады деген қорытындыға келеді:

- қаржылық міндеттеме валютасын өзгерту;
- қамсыздандыру түрін немесе міндеттеме сапасын арттыратын басқа құралдарды өзгерту;
- айырбастау шартын қосу;
- қаржылық міндеттеме субординациясын өзгерту.

4 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер, жалғасы

(iii) Қаржылық активтердің және қаржылық міндеттемелердің шарттарын түрлендіру, жалғасы

Қаржылық активтер, жалғасы

Сандық бағалау жүргізу үшін, егер жаңа шарттарға сәйкес ақшалай қаражат ағындарының келтірілген құны, оған қоса бастапқы тиімді сыйақы мөлшерлемесі бойынша дисконтталған алынған комиссиялық сыйақыны шегергенде комиссиялық сыйақының төлемдері, бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақшалай қаражат ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кем дегенде 10%-ға ерекшеленсе, шарттар айтарлықтай ерекше болып саналады. Егер бір борыштық құралды басқасына ауыстыру немесе оның шарттарының түрленуі есепте өтеу ретінде көрсетілсе, онда көтерген шығындар немесе комиссиялар тиісті борыштық міндеттемені өтеуден пайда немесе залалдың бөлігі ретінде танылады. Егер бір борыштық құралды басқасына ауыстыру немесе оның шарттарының түрленуі есепте өтеу ретінде көрсетілмесе, онда көтерген шығындар немесе комиссиялар сомасына тиісті міндеттеменің теңгерімдік құны түзетіледі, және бұл түзету түрлендірілген міндеттеменің қалған әрекет ету мерзімі бойы амортизацияланады.

(iv) Құнсыздану

Сонымен қатар 5 ескертпені қараңыз.

Холдингтік Компания пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын келесі қаржылық құралдар бойынша күтілетін кредиттік залалдардың бағалық резервін мойындайды:

- борыштық құралдар болып табылатын қаржылық активтер;
- қаржылық кепілдіктің шығарылған шарттары.

Холдингтік Компания бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік залалдарға тең сомада күтілетін несиелік залалдарға бағалық резервтерді таниды, келесі құралдарды қоспағанда, олар бойынша резервтің сомасы 12-айлық күтілетін несиелік залалдарға тең болады:

- есептік күндегі жағдай бойынша кредиттік тәуекелі төмен борыштық инвестициялық бағалы қағаздар; және
- басқа қаржылық құралдар, олар бойынша кредиттік тәуекел бастапқы оларды тану сәтінен бастап едәуір көтерілген жоқ (5 ескертпені қараңыз).

Холдингтік Компания борыштық бағалы қағаз төмен кредиттік тәуекелге ие деп санайды, егер оның кредиттік рейтингі әлемде көпшілік мақұлдаған «инвестициялық сапа» рейтингісінің анықтамасына сәйкес келсе .

12-айлық күтілетін кредиттік залалдар – бұл есептік күннен кейінгі 12 айдың ішінде ықтимал қаржылық құрал бойынша дефолт оқиғасының салдарынан туындайтын күтілетін кредиттік залалдардың бөлігі.

Холдингтік Компания өзінің еншілес ұйымы контрагент ретінде әрекет ететін қаржылық құралдар бойынша күтілетін несиелік залалдарға бағалық резервтерді танымады.

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау. Күтілетін кредиттік залалдар дефолттың басталу ықтималдығының дәрежесі бойынша өлшенген кредиттік залалдардың есептік бағасы болып табылады. Олар келесідей түрде бағаланады:

- *есептік күндегі жағдай бойынша несиелік-құнсызданған болып табылмайтын қаржылық активтерге қатысты:* барлық күтілетін ақшалай қаражаттарды алмаудың келтірілген құны ретінде (яғни шартқа сәйкес Холдингтік Компанияға тиесілі ақшалай қаражат ағындарының және Холдингтік Компания алады деп күтетін ақшалай қаражат ағындарының арасындағы айырмашылық);
- *есептік күндегі жағдай бойынша несиелік-құнсызданған болып табылатын қаржылық активтерге қатысты:* активтердің жалпы теңгерімдік құны мен есептік болашақ ақшалай қаражат ағындарының келтірілген құны арасындағы айырмашылық;
- *қаржылық кепілдік шарттарына қатысты:* шартты ұстаушы көтерген несиелік залалдың өтемақысы ретінде, Холдингтік Компания өтеймін деп күтетін сомаларды шегергенде, шартты ұстаушыға күтілетін төлемдердің келтірілген құны.

Қайта құрылымдалған қаржылық активтер. Тараптардың келісімі бойынша қаржылық активтің шарттары қайта қаралған жағдайда немесе қаржылық активтің шарттарын түрлендірілген жағдайда, немесе қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты қолданыстағы қаржылық актив жаңасына ауыстырылған жағдайда, осы қаржылық активті тануды тоқтату қажеттілігіне қатысты бағалау жүргізіледі және күтілетін кредиттік залалдар келесідей түрде бағаланады:

- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті танудың тоқталытуына алып келмесе, түрлендірілген қаржылық актив бойынша ақшалай қаражаттың күтілетін ағындары қолданыстағы актив бойынша ақшалай қаражатты алмау сомасының есебіне қосылады (5 ескертпені қараңыз).

4 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер, жалғасы

(iv) Құнсыздану, жалғасы

Қайта құрылымдалған қаржылық активтер, жалғасы

- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті танудың тоқтатылуына алып келсе, онда жаңа активтің күтілетін әділ құны, тану тоқтатылған сәтте қолданыстағы актив бойынша ақшалай қаражаттың түпкілікті ағыны ретінде қарастырылады. Бұл сома, қолданыстағы қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді сыйақы мөлшерлемесін пайдалана отырып, тануды тоқтатудың күтілетін күнінен бастап есептік күнге дейінгі кезең үшін дисконтталатын қолданыстағы қаржылық актив бойынша ақшалай қаражатты алмау сомасының есебіне қосылады.

Кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер. Әрбір есептік күнге Холдингтік Компания амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржылық активтерге және басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін борыштық қаржылық активтерге, олардың кредиттік құнсыздануына қатысты бағалау жүргізеді. Қаржылық актив, мұндай қаржылық актив бойынша ақшалай қаражаттың есептік болашақ ағындарына жағымсыз ықпал ететін бір немесе бірнеше оқиғалар орын алған кезде «кредиттік-құнсызданған» болып табылады.

Қаржылық активтің кредиттік құнсыздануының куәсі, атап айтқанда, келесі бақыланатын деректер болып табылады:

- қарыз алушының немесе эмитенттің елеулі қаржылық қиыншылықтары;
- дефолт немесе төлемнің мерзімін өткізіп алу сияқты шарттың талаптарын бұзу;
- басқа жағдайда ол тіптен қарастырмайтын шарттарда Холдингтік Компаниямен қарызды немесе аванстық төлемді қайта құрылымдауы;
- қарыз алушының банкроттық немесе басқа қаржылық қайта құрылымдау ықтималдығының туындауы; немесе
- қаржылық қиыншылықтардың нәтижесінде бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жоқ болуы.

Шарттары қарыз алушының қаржылық жағдайының туындауы салдарынан қайта қаралған кредит, әдетте, кредиттік-құнсызданған болып саналады, тек егер шартпен қарастырылған ақшалай қаражат ағындарын алмау тәуекелі төмендеді және құнсызданудың басқа белгілері жоқ дегеннің куәсі бар болмаса. Одан бөлек, 90 күн немесе одан аса мерзімге мерзімі өткен бөлшек сауда кредиттері кредиттік-құнсызданған болып саналады.

Қаржылық жағдай туралы жекелеген аралық қысқартылған есептегі күтілетін кредиттік залалдарға бағалық резервті ұсыну. Күтілетін кредиттік залалдарға бағалық резервтің сомалары қаржылық жағдай туралы жекелеген қысқартылған есепте келесідей түрде ұсынылған:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер: бұл активтердің жалпы теңгерімдік құнының азаюы сияқты;
- қаржылық кепілдік шарттары: жалпы жағдайда, резерв ретінде;
- басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар: залалдарға бағалық резерв қаржылық жағдай туралы жекелеген аралық қысқартылған есепте танылмайды, себебі бұл активтердің теңгерімдік құны олардың әділ құны болып табылады. Алайда залалдарға бағалық резервтің шамасы әділ құнның өзгерістер резервінің құрамында ашылады және танылады.

Есептен шығару. Кредиттер мен борыштық бағалы қағаздар, оларды есептен шығарудың негізделген күтімдері болмаған кезде, есептен шығарылуға жатады (ішінара немесе толық сомада). Холдингтік Компания есептен шығарылуға жататын берешектің сомаларын өтеу үшін жеткілікті көлемде ақшалай қаражат ағындарын тудыруы мүмкін активтер немесе табыс көздері қарыз алушыда жоқтығын анықтайды. Алайда есептен шығарылған қаржылық активтерге қатысты Холдингтік Компания, тиесілі сомаларды өтеу жөніндегі саясатқа сәйкес берешекті өндіріп алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруды жалғастыра алады.

Инвестициялық бағалы қағаздар

Қаржылық жағдай туралы жекелеген аралық қысқартылған есептің «Инвестициялық бағалы қағаздар» бабы мыналарды қамтиды:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздар; олар бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады плюс мәміле бойынша және салдарынан тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, олардың амортизацияланған құны бойынша қосымша тікелей шығындар;

4 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Инвестициялық бағалы қағаздар, жалғасы

- пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша міндетті түрде бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздар немесе Холдингтік Компанияның қалауынша осы санатқа сыныпталатын; олар өзгерістері дереу пайда немесе залалдың құрамында танылатын әділ құн бойынша бағаланады;

Салыстырма деректерді ұсыну

ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысу нәтижесінде Холдингтік Компания жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептіліктің негізгі есептеріндегі белгілі баптарды ұсыну тәртібін өзгертті. Салыстырма деректерді ұсыну да ағымдағы кезеңде ақпаратты ұсыну тәртібіне сәйкес тиісті түрде өзгертілді.

Негізгі өзгерістердің қаржылық жағдай туралы жекелеген аралық қысқартылған есепте ақпаратты ұсыну тәртібіне әсері 6 ескертпеде келтірілген.

Негізгі өзгерістердің 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жекелеген аралық қысқартылған есептегі ақпаратты ұсыну тәртібіне әсері келесідей:

- «Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар» бабы «Инвестициялық бағалы қағаздар» бабының құрамында ұсынылған.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Стандарттарға бірқатар жаңа стандарттар мен түзетулер, оларды мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен, 2019 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Алайда Холдингтік Компания аталған жаңа стандарттар мен стандарттарға түзетулерді осы жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілікті дайындаған кезде қолданған жоқ.

Холдингтік Компания өзінің жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етуі мүмкін, шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарға қатысты соңғы жылдық қаржылық есептілікте ұсынылған ақпаратқа қатысты жаңартылған мәліметтерге иелік етпейді

5 Қаржылық тәуекелдерді талдау

Осы ескертпеде Холдингтік Компанияның қаржы тәуекелдеріне ұшырағыштығы туралы ақпарат ұсынылған. Қаржы тәуекелдерін басқару жөніндегі Холдингтік Компания қолданатын саясат туралы ақпарат 21 ескертпеде ұсынылған.

Несиелік тәуекел – күтілетін несиелік залалдар сомалары

Несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуы. Бастапқы тану сәтінен бастап қаржылық құрал бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы орын алды ма екендігін бағалаған кезде Холдингтік Компания артық шығынсыз немесе күш салусыз орынды және қолжетімді болып табылатын негізделген және расталған ақпаратты қарастырады. Бағалау сандық та, сапалық та ақпаратты, сондай-ақ Холдингтік Компанияның тарихи тәжірибесіне, кредиттік сапаның және болжамдық ақпараттың сараптамалық бағалауына негізделген талдауды қамтиды.

Бағалаудың мақсаты несиелік тәуекелге ұшырағыш позицияға қатысты несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуы орын алды ма екендігін анықтауға негізделеді:

- есептік күндегі жағдай бойынша бүкіл мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолттың ықтималдығы; және
- несиелік тәуекелге ұшыраған позицияны бастапқы тану кезінде осы уақыт сәтіне қатысты есептелген бүкіл мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығы (егер орынды болса, мерзімінен бұрын өтеуге қатысты күтімдердің өзгерістерін ескеріп түзетілген).

Несиелік тәуекелдің градаця деңгейлері (рейтингтері). Холдингтік Компания несиелік тәуекелге ұшырағыш әрбір позицияға дефолт тәуекелін болжамдау үшін қолданылатын түрлі деректердің негізінде, сондай-ақ кредиттік сапасына қатысты сараптамалық пайымдауларды қолдану арқылы несиелік тәуекелдің тиісті рейтингісін береді. Несиелік тәуекелдің рейтингтері, дефолттың басталу тәуекелінің индикаторы қызметін атқаратын сандық және сапалық факторларды қолдана отырып айқындалады. Бұл факторлар несиелік тәуекелге ұшырағыш позицияның сипатына және қарыз алушының түріне байланысты ауысады.

Несиелік тәуекел рейтингтері, дефолт басталу тәуекелі несиелік тәуекелдің нашарлауына қарай экспонент бойынша өсетіндей етіліп анықталады және калибрленеді – мысалға, несиелік тәуекелдің 1 және 2 рейтингтері арасындағы айырмашылық, несиелік тәуекелдің 2 және 3 рейтингтері арасындағы айырмашылыққа қарағанда кем.

5 Қаржылық тәуекелдерді талдау, жалғасы

Несиелік тәуекел – күтілетін несиелік залалдар сомалары, жалғасы

Несиелік тәуекелдің градаця деңгейлері (рейтингтері), жалғасы

Несиелік тәуекелге ұшырағыш әрбір позиция, қарыз алушы туралы қолда бар ақпараттың негізінде бастапқы тану күніне несиелік тәуекелдің белгілі рейтингісіне жатады. Несиелік тәуекелге ұшырағыш позициялар тұрақты мониторингленуге жатады, бұл бастапқы тану кезінде несиелік тәуекел рейтингісінен өзгеше рейтинг позициясының берілуіне алып келуі мүмкін. Мониторинг әдетте келесі деректердің талдануын қарастырады.

- Несиелік рейтингтік агенттіктердің деректерінің, баспасөздегі жарияланымдардың, сыртқы несиелік рейтингтердің өзгерістер туралы ақпараты ;
- Төлемдер туралы ақпарат, оған қоса мерзімі өткен берешектің мәртебесі туралы ақпарат;
- Сұранымдар және кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарауға сұранымдарды қанағаттандыру;
- Қаржылық, экономикалық шарттардың және қызметті жүзеге асыру шарттарының ағымдағы және болжамдық өзгерістері.

Дефолт ықтималдығының уақыттық құрылымын құру. Несиелік тәуекелдердің деңгейлері несиелік тәуекелге ұшырағыш позициялар үшін дефолт ықтималдығының уақыттық құрылымын құру кезінде негізгі бастапқы деректер болып табылады. Холдингтік Компания несиелік тәуекелге ұшырағыш, хұкіметке немесе өңірге, өнімнің және қарыз алушының тұрпатына байланысты, сондай-ақ несиелік тәуекелдің рейтингісіне байланысты талданатын позицияларға қатысты берешекке қызмет көрсету сапасы және дефолт деңгейі туралы мәліметтерді жинайды. Кейбір қоржындар үшін сонымен қатар сыртқы несиелік рейтингтік агенттіктерден алынған ақпарат қолданылады.

Холдингтік Компания жинақталған деректерді талдау және несиелік тәуекелге ұшырағыш позициялар үшін қалған кезеңдегі дефолттың ықтималдығына және уақыт өткен сайын олардың өзгеруін күтуге бағаларды алу үшін статистикалық модельдерді пайдаланады.

Бұл талдау дефолт деңгейлерінің өзгерістері мен шешуші макроэкономикалық факторлардың өзгерістері арасындағы өзара байланысты анықтауды және калибрлеуді, сондай-ақ кейбір басқа факторлардың (мысалға, несиелік келісімдердің шарттарын қайта қарау тәжірибесінің) дефолт тәуекеліне ықпалын егжей-тегжейлі талдауды қамтиды. Несиелік тәуекелге ұшырағыш көпшілік позициялар үшін, шешуші макроэкономикалық көрсеткіш ІЖӨ асуы болуы мүмкін.

Шешуші макроэкономикалық көрсеткіштерге қатысты болжамдық ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі комитетінің веб сайттарынан ресми дереккөздерінен алына алады.

Холдингтік Компания бұл болжамдарды дефолт ықтималдығының бағаларын түзету үшін қолданады. Бұл бағалау оның ішінде сырты дереккөздерден алынған ақпаратқа негізделеді. Холдингтік Компания бұл болжамдарды дефолт ықтималдығының бағаларын түзету үшін қолданады.

Несиелік тәуекелдің елеулі артуы орын алды ма екендігін анықтау. Несиелік тәуекелдің елеулі артуын анықтау үшін критерийлер қоржынға байланысты әр түрлі болады және дефолт ықтималдығының көрсеткішінің мәндерінің сандық өзгерістерін де, сапалық факторларды да, оның ішінде мерзімін өткізу мерзімі бойынша «шектеуші» белгісін қамтитын болады.

Несиелік сапаның сараптамалық бағасының және, мүмкін болған кезде, тиісті тарихи тәжірибенің негізінде, егер бұған әсері сандық талдау аясында толық шамада уақтылы анықтала алмайтын, несиелік тәуекелдің елеулі артуының индикаторы болып табылатын белгілі сапалық көрсеткіштер көрсетсе, Холдингтік Компания қаржылық құрал бойынша несиелік тәуекелдің елеулі артуы орын алды деген тұжырым жасауы мүмкін.

Қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуын куәландыратын «шектеуші» белгісі ретінде Холдингтік Компания бұл актив бойынша 30 күннен артық мерзімнің асуы саналады. Мерзімі өткен берешектің күн саны, ең ерте күннен бастап, төлем толық сомасында алынбаған жағдай бойынша, күн санын есептеу арқылы айқындалады. Төлемді жүзеге асыру күндері қарыз алушыға берілуі мүмкін жеңілдікті кезең ескерілмей айқындалады.

Холдингтік Компания келесілерге көз жеткізу үшін критерийлерді, тұрақты негізде тексерістер жүргізу арқылы олардың несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуын анықтау қабілетіне тексеруді жүзеге асырады:

- несиелік тәуекелге ұшырағыш позицияға қатысты дефолт оқиғасы басталғанға дейін критерийлер несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуын анықтауға мүмкіндік береді;
- критерийлер актив бойынша берешек 30 күннен астам мерзімге мерзімі өтіп кеткен уақытпен арақатынаспайды;

5 Қаржылық тәуекелдерді талдау, жалғасы

Несиелік тәуекел – күтілетін несиелік залалдар сомалары, жалғасы

Несиелік тәуекелдің елеулі артуы орын алды ма екендігін анықтау, жалғасы

- несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуын анықтау мен дефолт оқиғасының басталуы арасындағы орташа уақыт кезеңі орынды болып көрінеді;
- несиелік тәуекелге ұшырағыш позициялар, бағалық резерв 12-айлық күтілетін несиелік залалдар сомасында танылатын қоржынның құрамынан (1 саты) кредиттік-құнсызданған активтер қоржынының құрамына (3 саты) тікелей аударылмайды;
- несиелік тәуекелге ұшырағыш позицияларды бағалық резерві 12-айлық күтілетін несиелік залалдар сомасында (1 саты) танылатын қоржынның құрамынан бағалық резерві бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік залалдар сомасында (2 саты) танылатын қоржынның құрамына аударған кезде күтілетін несиелік залалдарға бағалық резервтің шамасының негізделмеген құбылмалылық жоқ.

«Дефолт» түсінігін анықтау. Қаржылық актив Холдингтік Компаниямен келесі жағдайларда дефолт оқиғасы басталған қаржылық активтерге жатқызылады:

- Холдингтік Компания кепілзаттық қамсыздандыруды (ол бар болса) іске асыру сияқты шараларды қолданбай қарыз алушының Холдингтік Компания алдындағы несиелік міндеттемелері толық көлемде өтелетіндігі екіталай; немесе
- қарыз алушының Холдингтік Компания алдындағы елеулі кредиттік міндеттемелерінің кез келгені бойынша берешегінің мерзімі 90 күннен аса өткен.

Қарыз алушының міндеттемелері бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалаған кезде Холдингтік Компания келесі сандық факторларды – мысалға, сол бір эмитенттің мерзімі өткен берешек мәртебесі және Холдингтік Компания алдындағы басқа міндеттемелер бойынша төлемеу; сондай-ақ меншікті және сыртқы көздерден алынған өзге ақпаратты ескереді.

Қаржылық құрал бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалаған кездегі бастапқы деректер және олардың маңыздылығы, жағдайлардағы өзгерістерді көрсету үшін, уақыт өткен сайын өзгеруі мүмкін.

Түрлендірілген қаржылық активтер. Шартпен қарастырылған несие бойынша шарттар, нарықтық шарттардың өзгерісін және қарыз алушының несие төлеуге қабілеттігінің ағымдағы немесе ықтимал нашарлауымен шартталмаған басқа факторларды қосқанда, бірқатар себептер бойынша түрлендіріле алады. Шарттары түрлендірілген қолданыстағы кредитті есепте тану тоқтатылуы мүмкін және 4(iii) ескертпеде сипатталған есептік саясатқа сәйкес әділ құны бойынша түрлендірілген шарттармен жаңа кредит есебінде тану көрсетілуі мүмкін.

Егер қаржылық активтің шарттары өзгертілсе және шарттардың түрлендірілуі қаржылық активті танудың тоқтатылуына алып келмесе, қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір артуы орын алды ма екендігін анықтау келесілерді салыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- шарттың түрлендірілген талаптарының негізінде есептік күндегі жағдай бойынша бүкіл мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығын; және
- шарттың бастапқы талаптарының негізінде қаржылық активті бастапқы тану кезінде уақыттың осы сәтіне қатысты есептелген бүкіл мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолттың ықтималдығын.

Жалпы жағдайда, кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау, кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуының сапалық индикаторы болып табылады және кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау ниеті кредиттік тәуекелге ұшырағыш позиция кредиттік-құнсыздану (4(iv) ескертпесін қараңыз) болып табылатындығының куәсі болып табылады, дефолт оқиғасы орын алады. Несиелік тәуекелге ұшырағыш позиция енді кредиттік-құнсыздандан болып саналмағанша/дефолт оқиғасы басталғанша немесе дефолт ықтималдығының төмендеуі соншалықты, залалдарға бағалық резерві 12-айлық күтілетін несиелік залалдарға тең сомада қайтадан бағаланса, контрагентке белгілі уақыт кезеңі ішінде тұрақты негізде төлемдерді уақтылы жүзеге асыруы қажет болады.

Болжамдық ақпаратты қосу. Холдингтік Компания болжамдық ақпаратты қаржылық құралды бастап тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуына қатысты бағалауға да, күтілетін кредиттік залалдардың бағалауына да қосады. Холдингтік Компания бұл болжамдарды дефолт ықтималдығының бағаларын түзету үшін қолданады. Бұл бағалау сонымен қатар сыртқы көздерден алынған ақпаратқа негізделген. Сыртқы ақпарат, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі комитеті сияқты Холдингтік Компания өз қызметін жүзеге асыратын елдердің мемлекеттік органдары және ақша-несиелік реттеу органдары жариялайтын экономикалық деректер мен болжамдарды қамтуы мүмкін.

5 Қаржылық тәуекелдерді талдау, жалғасы

Несиелік тәуекел – күтілетін несиелік залалдар сомалары, жалғасы

Болжамдық ақпаратты қосу, жалғасы

Мерзімді негізде Холдингтік Компания репрезентативтік сценарийлерді анықтауға деген өзінің қатынасын түзету үшін «есеңгіреу» сценарийлерінің күйзеліс-тестілеуін жүргізеді.

Холдингтік Компания қаржылық құралдардың әрбір қоржыны бойынша несиелік тәуекелді және несиелік залалдарды бағалауға ықпал ететін негізгі факторлардың тізбесін анықтады және құжат жүзінде рәсімдеді және тарихи деректердің талдамасын пайдалана отырып, макроэкономикалық айнымалылар, несиелік тәуекел және несиелік залалдар арасындағы өзара байланысты бағалады. Шешуші фактор ретінде ІЖӨ болжамдары анықталған.

Шешуші көрсеткіш пен дефолт оқиғалары мен қаржылық активтердің түрлі қоржындары бойынша залалдар деңгейлері арасындағы болжамдық арақатынастар, сыртқы дереккөздерден алынған деректердің негізінде әзірленген.

Күтілетін несиелік залалдарды бағалау. Күтілетін несиелік залалдарды бағалаған кезде негізгі бастапқы деректер келесі айнымалылардың уақыттық құрылымдары болып табылады:

- дефолт ықтималдығы (PD көрсеткіші);
- дефолт болған жағдайдағы залалдың шамасы (LGD көрсеткіші);
- дефолт болған жағдайдағы тәуекелдегі сома (EAD шамасы).

Бұл көрсеткіштер, әдетте, Холдингтік Компания пайдаланатын статистикалық модельдердің және басқа тарихи деректердің негізінде алынады. Оларды, жоғарыда суреттелгендей, болжамдық ақпаратты ескеріп түзету қажет.

PD көрсеткіштерін бағалау және кредиттік тәуекелге ұшырағыш контрагенттердің және позициялардың түрлі санаттарына бейімделген бағалау құралдарын пайдалана отырып, статистикалық рейтингтік модельдердің негізінде есептелетін, белгілі күнге жүргізілген көрсеткіштердің бағалауы болып табылады. Бұл статистикалық модельдер Компанияда бар, сандық та, сапалық та факторларды қамтитын, жинақталған деректерге негізделген. Егер контрагенттің немесе кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияның кредиттік сапасының рейтингі ауысса, онда бұл PD тиісті көрсеткіштерін бағалаудағы өзгеріске алып келеді. PD көрсеткіштері кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларды өтеудің шарттық мерзімдері және мерзімінен бұрын өтеуге қатысты күтімдер ескеріліп бағаланады.

Холдингтік Компания LGD көрсеткіштерін контрагент түрінің негізінде бағалайды.

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті қоспағанда, 1 сатыға және 2 сатыға айқындалған қаржылық активтер үшін, LGD көрсеткішінің келесі 3 санаты қарастырылады:

- егер Қазақстан Республикасының Үкіметі контрагент болып табылса, LGD көрсеткіші 0%-ды құрайды;
- егер қазақстандық банк немесе басқа қаржы институты контрагент болып табылса, LGD көрсеткіші 70%-ды құрайды; және
- сыртқы рейтингке ие басқа контрагенттерге қатысты, LGD көрсеткіші контрагенттің сыртқы рейтингісінің деңгейіне сәйкес өтеу мөлшерлемелері туралы «Moody's» зерттеулерін ескереді. LGD көрсеткіші зерттеулердің жаңартылған деректерін ескеріп түзетіледі (әдетте, жыл сайынғы негізде).

Дефолт болған жағдайда тәуекелдегі сома дефолт басталған күні, кредиттік тәуекелге ұшыраған шаманың есептік бағасы болып табылады. Бұл көрсеткішті Холдингтік Компания амортизацияны қосқанда, шарттық талаптарына сәйкес осы шамадағы күтілетін өзгерістер ескеріле отырып, есептік күндегі ағымдағы шамаға байланысты есептейді. Қаржылық актив үшін жалпы теңгерімдік құн EAD шамасы болып табылады. Қарыз беру жөніндегі міндеттемелер және қаржылық кепілдік шарттар үшін EAD шамасы талап етілген соманы да, шарт бойынша талап етілуі мүмкін күтілетін сомаларды да қамтиды, оларды бағалау тарихи байқаулар мен болжамдар негізінде жүргізіледі. Сыртқы дереккөздерден салыстырмалы ақпарат күтілетін несиелік залалдарды бағалау үшін бастапқы ретінде пайдаланылған қоржындар үлгілері төменде ұсынылған.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

5 Қаржылық тәуекелдерді талдау, жалғасы

Несиелік тәуекел – күтілетін несиелік залалдар сомалары, жалғасы

Күтілетін несиелік залалдарды бағалау, жалғасы

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша несиелік тәуекелге ұшырағыш позиция	Сыртқы көздерден алынған салыстырмалы ақпарат	
		PD көрсеткіші	Дефолт жағдайында залал (LGD)
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	2,126,086	Дефолттар статистикасы S&P	Қазақстан ішіндегі позициялар үшін LGD өтеу статистикасы дефолттық қаржы институттарынан тарихи өтеулерге негізделеді.
Депозиттер	12,937,252		
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	4,294,683		

Жоғарыда суреттелгендей, несиелік тәуекелі оларды бастапқы тану сәтінен бастап айтарлықтай артпаған қаржылық активтер үшін PD 12-айлық көрсеткішін барынша пайдаланған шартта, Холдингтік Компания күтілетін несиелік залалдарды шарт бойынша барынша ұзақ кезең бойы (ұзартуға кез келген опциондарды қосқанда) дефолт тәуекелін ескеріп бағалайды, ол кезең ішінде ол несиелік тәуекелге ұшырайды, тіпті егер тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін Холдингтік Компания ұзағырақ кезеңді қарастырса да. Шарт бойынша ең ұзақ кезең, Холдингтік Компания ұсынылған несиенің өтелуін талап етуге құқылы болған кездегі немесе қарыз ұсыну жөніндегі міндеттемелердің немесе қаржылық кепілдік шартының күшін жоюға құқылы болған кездегі күнге дейін таралады.

Несиелік сапаны талдау. Келесі кестеде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтердің несиелік сапасы туралы ақпарат ұсынылған. Егер басқасы көрсетілмесе, қаржылық активтер бойынша сомалар кестеде жалпы теңгерімдік құнның шамаларын көрсетеді. Қарыз беру жөніндегі міндеттемелер бойынша және соманың қаржылық кепілдік шарттары бойынша кестеде тиісінше қабылданған міндеттемелердің және берілген кепілдіктердің сомалары көрсетіледі.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)			
	Саты 1 12-айлық күтілетін несиелік залалдар	Саты 2 Кредиттік-құнсызданған болып қунсызданған табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік залалдар	Саты 3 Кредиттік-қунсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік залалдар	Жиыны
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары				
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі	6	-	-	6
кредиттік рейтингі ВВ	2,125,250	-	-	2,125,250
кредиттік рейтингі В-	830	-	-	830
	2,126,086	-	-	2,126,086
Залалдарға бағалық резерв	-	-	-	-
Теңгерімдік құны	2,126,086			2,126,086
Депозиттер				
кредиттік рейтингі ВВ	3,376,710	-	-	3,376,710
кредиттік рейтингі В+	4,436,375	-	-	4,436,375
кредиттік рейтингі В	5,346,017	-	-	5,346,017
	13,259,102	-	-	13,259,102
Залалдарға бағалық резерв	(321,850)	-	-	(321,850)
Теңгерімдік құны	12,937,252	-	-	12,937,252
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар				
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ноталары	4,294,683	-	-	4,294,683
	4,294,683	-	-	4,294,683
Залалдарға бағалық резерв	-	-	-	-
Теңгерімдік құны	4,294,683	-	-	4,294,683

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

6 ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысу

ХҚЕС (IFRS) 9 бастапқы қолдану күніне қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді сыныптау. Келесі кестеде 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Холдингтік Компанияның қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелері үшін ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес бастапқы бағалық санаттар және ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес жаңа бағалық санаттар көрсетілген.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескертпе	ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес бастапқы сыныптама	ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес жаңа сыныптама	ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес бастапқы теңгерімдік құн	Қайта сыныптау	Бағалау негізін өзгерту	ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес жаңа теңгерімдік құн
Қаржылық активтер							
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	7	Несиелер және дебиторлық берешек	Амортизацияланған құны бойынша	225,777	-	-	225,777
Депозиттер	8	Несиелер және дебиторлық берешек	Амортизацияланған құны бойынша	18,542,858	-	(380,739)	18,162,119
Еншілес ұйымдарға берілген несиелер	9	Несиелер және дебиторлық берешек	Амортизацияланған құны бойынша	399,200,826	-	-	399,200,826
Инвестициялық бағалы қағаздар	10	Сату үшін қолда бар	FVOCI	31,226	(31,226)	-	-
Инвестициялық бағалы қағаздар – борыштық ^(a)	10	Сату үшін қолда бар	Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша (міндетті түрде)	-	31,226	-	31,226
Қаржылық активтер жиыны				418,000,687	-	(380,739)	417,619,948
Қаржылық міндеттемелер							
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	12	Амортизацияланған құны бойынша	Амортизацияланған құны бойынша	299,070,782	-	-	299,070,782
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынатын қарыздар	13	Амортизацияланған құны бойынша	Амортизацияланған құны бойынша	93,730,536	-	-	93,730,536
Басқа қаржылық міндеттемелер		Амортизацияланған құны бойынша	Амортизацияланған құны бойынша	292,478	-	-	292,478
Қаржылық міндеттемелердің жиыны				393,093,796	-	-	393,093,796

«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

6 ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысу, жалғасы

ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес қаржылық құралдарды сыныптауға қатысты Холдингтік Компанияның есептік саясаты 4 ескертпеде баяндалған. Аталған саясаттың қолданылуымен шартталған қаржылық құралдарды сыныптаудағы өзгерістер жоғарыдағы кестеде ұсынылған және бұдан әрі түсіндіріледі.

а. Холдингтік Компания ұстап қалатын кейбір инвестициялық бағалы қағаздар SPPI критерийіне сәйкес келмеуі себебінен ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша міндетті түрде бағаланатын ретінде сыныпталған.

Келесі кестеде салыстыру нәтижелері ұсынылған:

- 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес қаржылық активтерді құнсыздануға резервтің және «Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтер» ХҚЕС (IAS) 37-ге сәйкес қарыз беру жөніндегі міндеттемелерге және қаржылық кепілдік шарттарына қатысты резервтердің шығыс шамасын;
- 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес күтілетін кредиттік залалдарға резервтің кіріс шамасымен.

Қаржылық активтерге қатысты осы кестеде ХҚЕС (IAS) 39 және ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес қаржылық активтердің тиісті бағалық санаттары бойынша ақпарат ұсынылған және бағалық санаттағы өзгерістердің ХҚЕС (IFRS) 9 бастапқы қолдану күніне залалдарға бағалық резервтің шамасына әсері жекелей көрсетілген, яғни 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша.

Құнсыздануға бағалық резерв (залалдар) және басқа резервтер				
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан (ХҚЕС IAS) 39/ ХҚЕС IAS) 37)	Қайта сыныптау	Бағалау негізін өзгерту	2018 жылғы 1 қаңтар (ХҚЕС IFRS) 9)
ХҚЕС (IAS) 39-ға сәйкес несиелер және дебиторлық берешек/ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (ақша қаражатын және олардың баламаларын, банктердегі депозиттерді және басқа қаржылық активтерді қамтиды)	-	-	380,739	380,739
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлығы	-	-	380,739	380,739

7 Ақша қаражаты және олардың баламалары

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан
Ағымдағы шоттар	2,126,086	225,777
Ақшалай қаражаттардың және олардың баламаларының жиыны	2,126,086	225,777

Төмендегі кестеде ағымдағы шоттар бойынша «Standard and Poor's» рейтингісінің немесе «Moody» немесе «Fitch» агенттіктерінің рейтингтерінің негізінде несие сапасы бойынша ақшалай қаражаттардың және олардың баламаларының талдамасы ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>		
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі («ҚРҰБ»)	6	2
- рейтингі «BB-»-тен «BB+»-ке дейін	2,125,250	225,775
- рейтингі «B-»-тен «B+»-ке дейін	830	-
Ақшалай қаражаттардың және олардың баламаларының жиыны	2,126,086	225,777

Ақшалай қаражаттардың және олардың баламаларының пайыздық мөлшерлемелерінің талдамасы 21 ескертпеде ұсынылған.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

8 Депозиттер

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 жылғы 30 маусым, 2017 жылғы 31 аудиттелмеген желтоқсан
Депозиттер	
- рейтингі «BB-»-тен «BB+»-ке дейін	3,376,710
- рейтингі «B-»-тен «B+»-ке дейін	9,882,392
Құнсыздану резервін шегергенге дейінгі депозиттердің жиыны	13,259,102
Құнсыздану резерві	(321,850)
Депозиттердің жиыны	12,937,252

Депозиттердің пайыздық мөлшерлемесінің талдамасы 21 ескертпеде ұсынылған.

2018 жылғы 30 маусымда және 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі ECL үш сатысы бойынша депозиттердің құнсыздану резервінің өзгерістері келесідей түрде ұсыныла алады:

	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген			2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	
	Саты 1	Саты 2	Саты 3	(мың қазақстандық теңгемен)	(мың қазақстандық теңгемен)
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	12-айлық күтілетін несиелік залалдар	Кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік залалдар	Кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік залалдар	Барлығы	Барлығы
Кезең басындағы жағдай бойынша құнсыздануға резервтің шамасы	-	-	-	-	-
ХҚЕС (IFRS) 9 бастапқы қолданудан әсер, аудиттелмеген	380,739	-	-	380,739	-
Таза қалпына келтіру, аудиттелмеген	(58,889)	-	-	(58,889)	-
Кезең аяғындағы жағдай бойынша құнсыздануға резервтің шамасы, аудиттелмеген	321,850	-	-	321,850	-

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі салыстырмалы деректер құнсыздануға резервтің есебін білдіреді және ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес бағалау негізгі көрсетеді.

9 Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Атаулы құн		Теңгерімдік құн	
	2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан
- «ҚДБ» АҚ	483,961,805	473,961,805	190,878,029	177,910,759
- «БД» АҚ	277,195,125	277,195,125	121,647,427	117,987,779
- «ҚДҚ» АҚ	200,000,000	200,000,000	74,115,485	71,948,648
- «ҚИК» АҚ	132,470,920	134,092,292	25,921,083	25,596,002
- «ҚТҚЖБ» АҚ	22,000,000	22,000,000	5,963,941	5,757,638
Еншілес ұйымдарға берілген несиелердің жиыны	1,115,627,850	1,107,249,222	418,525,965	399,200,826

9 Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер , жалғасы

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде, Холдингтік Компания еншілес ұйымға жалпы сомасы 10,000,000 мың теңге (аудиттелмеген) несие берді (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: 116,100,000 мың теңге (аудиттелмеген). Кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0.15%-ды құрайды, өтеу мерзімі – 2027 жыл (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0.15% және өтеу мерзімі – 2036 және 2046 жылдар).

Бекітілген үкіметтік бағдарламаларға сәйкес, 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде берілген несиелердің шарттары мыналар болды:

- «Бизнестің жол қартасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру ұсыну мақсатында, кейіннен жылдық 0.20% сыйақы мөлшерлемесімен, 9 жыл мерзімге «ҚДБ-Лизинг» АҚ несиелеу үшін, жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен және 9 жыл мерзімге «ҚДБ» АҚ-ға несие беру үшін 10,000,000 мың теңге (аудиттелмеген);

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде берілген несиелер келесі шарттарда болды:

- «Бизнестің жол қартасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру ұсыну мақсатында, кейіннен жылдық 0.20% сыйақы мөлшерлемесімен, 10 жыл мерзімге «ҚДБ-Лизинг» АҚ несиелеу үшін, жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен және 10 жыл мерзімге «ҚДБ» АҚ-ға несие беру үшін 17,500,000 мың теңге (аудиттелмеген);

- «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушылар вагондары паркін жаңартуды қаржыландыру мақсатында, кейіннен жылдық 0.10% сыйақы мөлшерлемесімен «ҚДБ-Лизинг» АҚ несиелеу үшін, жылдық 0.08% сыйақы мөлшерлемесімен және 20 жыл мерзімге «ҚДБ» АҚ-ға несие беру үшін 18,600,000 мың теңге (аудиттелмеген);

- Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобаларын қаржыландыру мақсатында, жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен және 20 жыл мерзімге «ҚДБ» АҚ-ға несие беру үшін 80,000,000 мың теңге (аудиттелмеген); Бағдарлама түпкілікті қарыз алушы үшін қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін жылдық 11%-ға дейін шектейді.

Бастапқы тану кезінде несиелер, жылдығы 8.48% мөлшеріндегі ақша қаражатының болашақ ағындарын дисконттауға арналған тиісті нарықтық сыйақы пайдаланыла отырып есептелген әділ құн бойынша танылды (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: жылдық 8.78%-дан 9.42%-ға дейін). Холдингтік Компания пайда мен залал құрамындағы, еншілес ұйымға нарықтағыдан төмен мөлшерлеме бойынша берілген несиелерді бастапқы тану кезіндегі залал ретінде, әділ құн мен Атаулы құн арасындағы 3,652,825 мың теңге (аудиттелмеген) соманың айырмасын таныды (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: 69,854,813 мың теңге (аудиттелмеген) (18 ескертпе). Аталған несиелер, жылдық сыйақы мөлшерлемесі 0.10% (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: жылдық 0.05%-0.10%) және өтеу мерзімі 2027 жылға есептелген (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: 2027 және 2037 жылдар), теңгеге деноминирленген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаржы есебінен қаржыландырылды (13-ескертпе). 3,808,188 мың теңге мөлшеріндегі (аудиттелмеген) (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 71,957,365 мың теңге) (аудиттелмеген) бастапқы тану кезіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздардың әділ құны мен атаулы құнның арасындағы айырмашылық, Холдингтік Компания еншілес ұйымдарға берген несиелерді бастапқы тану кезінде залал таныған сол жолда мемлекеттік көмекқаржы ретінде пайда немесе залалдың құрамында танылды (18 ескертпе).

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде «ҚИК» АҚ 1,621,372 мың теңге сомасына (аудиттелмеген) (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: болған жоқ) несиені ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды және Холдингтік Компания, өз кезегінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарызды ішінара өтеді. Несиені ішінара мерзімінен бұрын өтеуге дейін еншілес ұйымға берілген несиенің бастапқы таза келтірілген құны мен несиені ішінара мерзімінен бұрын өтеуден кейінгі жаңа таза келтірілген құн арасындағы 1,164,494 мың теңге мөлшеріндегі айырмашылық (аудиттелмеген) (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: жоқ) кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында еншілес ұйымға берілген несиені ертең өтеуден пайда ретінде танылды (18 ескертпе). Қарызды ішінара мерзімінен бұрын өтеуге дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздың бастапқы таза келтірілген құны мен қарызды ішінара мерзімінен бұрын өтеуден кейінгі жаңа таза келтірілген құн арасындағы 1,178,761 мың теңге айырмашылық (аудиттелмеген) (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: жоқ) кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарызды ерте өтегеннен залал ретінде танылды (18 ескертпе).

«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

10 Инвестициялық бағалы қағаздар

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар		
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары	4,294,683	-
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залалдың құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар		
- «ДСФК» арнайы қаржы компаниясы» ЖШС борышқорлық міндеттемелері	31,210	-
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар		
- «ДСФК» арнайы қаржы компаниясы» ЖШС борышқорлық міндеттемелері	-	31,226
Инвестициялық бағалы қағаздар жиыны	4,325,893	31,226

Инвестициялық бағалы қағаздардың пайыздық мөлшерлемелерінің талдауы 21 ескертпеде ұсынылған.

11 Еншілес ұйымдарға инвестициялар

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан
Теңгерімдік құн:		
«ҚДБ» АҚ	378,515,793	378,515,793
«ҚКМ» АҚ	104,696,686	104,696,686
«ҚТҚЖБ» АҚ	95,159,603	95,159,603
«Даму» ҚДҚ» АҚ	78,925,794	78,925,794
«БД» АҚ	47,732,078	47,732,078
«ҚИК» АҚ	43,682,233	43,682,233
«ҚИҚ» АҚ	40,918,407	40,918,407
«КЭГ» АҚ	34,339,971	34,339,971
«ҰТДА» АҚ	25,533,132	25,533,132
«ТҚКҚ» АҚ	22,228,464	22,228,464
«КРPF» ЖШС	2,150,000	2,150,000
Еншілес ұйымдарға инвестициялар жиыны	873,882,161	873,882,161

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі, Холдингтік Компанияның еншілес ұйымдарындағы инвестицияларының теңгерімдік құнында өзгерістер болған жоқ.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	1 қаңтар 2017 ж.	Жарна, аудиттелмеген	2017 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген
Теңгерімдік құн:			
«ҚДБ» АҚ	353,515,793	-	353,515,793
«ҚКМ» АҚ	104,696,686	-	104,696,686
«ҚТҚЖБ» АҚ	95,159,603	-	95,159,603
«Даму» ҚДҚ» АҚ	78,925,794	-	78,925,794
«БД» АҚ	47,732,078	-	47,732,078
«ҚИК» АҚ	38,482,233	5,200,000	43,682,233
«ҚИҚ» АҚ	34,339,971	-	34,339,971
«КЭГ» АҚ	27,018,407	13,900,000	40,918,407
«ҰТДА» АҚ	25,533,132	-	25,533,132
«ТҚКҚ» АҚ	12,228,464	-	12,228,464
«КРPF» ЖШС	2,150,000	-	2,150,000
Еншілес ұйымдарға инвестициялар жиыны	819,782,161	19,100,000	838,882,161

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

12 Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар

	<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>		Атаулы құн		Теңгерімдік құн	
	Орналас- тырылған күні	Өтеу күні	2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан
KZ2C0Y20F251	25.03.2016 13.03.2015,	25.03.2036	202,000,000	202,000,000	59,774,379	57,818,728
KZP01Y20E920	31.03.2015	13.03.2035	170,000,000	170,000,000	59,666,417	57,873,853
KZ2C0Y20E676	15.04.2014	15.04.2034	100,000,000	100,000,000	37,536,571	36,418,222
KZ2C0Y20E775	10.12.2014 21.01.2015,	10.12.2034	100,000,000	100,000,000	36,122,532	35,049,799
KZP01Y30E879	16.02.2015	21.01.2045	92,500,000	92,500,000	16,982,563	16,478,351
KZ2C0Y20E742	30.10.2014	30.10.2034	50,000,000	50,000,000	17,815,390	17,275,725
KZP02Y20E738	26.03.2015	26.03.2035	38,095,125	38,095,125	30,397,760	29,579,933
KZP01Y20E730	15.07.2014	15.07.2034	23,000,000	23,000,000	21,258,271	20,710,437
KZP02Y30E877	29.01.2016	29.01.2046	22,500,000	22,500,000	4,242,412	4,122,938
KZP01Y09F615	19.10.2017	29.01.2026	21,100,000	21,100,000	10,997,088	10,552,209
KZP02Y20E928	29.09.2015	29.09.2035	15,000,000	15,000,000	5,018,641	4,866,191
KZ2C0Y20F236	03.02.2016	03.02.2036	15,000,000	15,000,000	4,801,837	4,653,295
KZP03Y20E736	09.03.2016	09.03.2036	15,000,000	15,000,000	3,803,606	3,671,101
			864,195,125	864,195,125	308,417,467	299,070,782

2018 жылғы 30 маусымдағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Холдингтік Компания шығарған борыштық бағалы қағаздар биржада тіркеуден өткен жоқ;

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде және 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде, Холдингтік Компания борышқорлық бағалы қағаздарды шығарған жоқ (аудиттелмеген).

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде көтерген 9,799,244 мың теңге (аудиттелмеген) сомасындағы пайыздық шығыстар (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: 8,780,120 мың теңге (аудиттелмеген)) шығарылған борышқорлық бағалы қағаздарға жатқызылады (16 ескертпе).

13 Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар

	Атаулы құн		Теңгерімдік құн	
	2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>				
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	251,432,725	243,054,097	103,732,941	93,730,536
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар жиыны	251,432,725	243,054,097	103,732,941	93,730,536

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде, Холдингтік Компания Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен 10,000,000 мың теңге (аудиттелмеген) несие алды (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 116,100,000 мың теңге (аудиттелмеген)):

- 10,000,000 мың теңге мөлшеріндегі (аудиттелмеген) несие, өтеу мерзімі 9 жылға, жылдық 0.10% мөлшерлеме бойынша берілді. Аталған қаражат, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру беру үшін, кейіннен «ҚДБ-Лизинг» АҚ несиелеу үшін, Холдингтің еншілес ұйымы «ҚДБ» АҚ несиелеуге арналған;

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде келесідей несиелер алынды:

- 17,500,000 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі несие, жылдық 0.10% мөлшерлемесі бойынша берілген, өтеу мерзімі – 10 жыл. Аталған қаражат, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру беру үшін кейіннен «ҚДБ-Лизинг» АҚ несиелеу үшін, Холдингтің еншілес ұйымы «ҚДБ» АҚ несиелеуге арналған.

- 18,600,000 мың теңге мөлшеріндегі (аудиттелмеген) несие, жылдық 0.05% мөлшерлемесі бойынша берілген, өтеу мерзімі – 20 жыл. Тартылған барлық қаражат, «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушылар вагондарының паркін жаңартуды қаржыландыру үшін, кейіннен «ҚДБ-Лизинг» АҚ несиелеу үшін, Холдингтің еншілес ұйымы «ҚДБ» АҚ несиелеуге арналған.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

13 Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар, жалғасы

- 80,000,000 мың теңге мөлшеріндегі несиелер (аудиттелмеген), жылдық 0.10% мөлшерлемесі бойынша, өтеу мерзімі – 20 жыл. Аталған қаражат, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде, инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін Холдингінің еншілес ұйымы «ҚДБ» АҚ несиелеу үшін арналған. Түпкілікті қарыз алушыларға арналған сыйақы мөлшерлемесі жылдық 11%-ға шектелген.

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде, Холдингілік Компания, 3,808,188 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі кірісті мемлекеттік көмекқаржы ретінде көрсетті (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 71,957,365 мың теңге (аудиттелмеген)), ол пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы жекелеген аралық есептегі басқа операциялық кірісте танылды (18-ескертпе). Холдингілік Компания, бастапқы тану кезінде шығарылған облигациялардың әділ құнын анықтау кезінде жылдық 8.70% нарықтық пайыздық мөлшерлемені пайдаланды (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: жылына 9.21%-дан 9.49%-ға дейін).

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде көтерген 4,377,793 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі пайыздық шығыстар (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 2,664,250 мың теңге (аудиттелмеген)), Қазақстан Республикасы Үкіметінің несиесіне жатады (16-ескертпе).

14 Акционерлік капитал

<i>(мың қазақстандық теңгемен, акциялар санын қоспағанда)</i>	2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан
Жарияланған жай акциялар	5,000,086,550	5,000,086,550
Тіркелген, бірақ орналастырылмаған жай акциялар	(4,153,867,838)	(4,153,867,838)
Шығарылған және төленген акциялар жиыны	846,218,712	846,218,712
Бір акцияның атаулы құны, теңге	1,000	1,000
Шығарылған және төленген акционерлік капитал	846,218,712	846,218,712

Барлық жай акциялар әрбір акция бойынша бір дауыс құқығын береді.

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде, Холдингілік Компания акциялар шығарған жоқ (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 13,900,000 мың теңге (аудиттелмеген)).

15 Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып есептелген пайыздық кірістер

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген
Еншілес ұйымдарға берілген несиелер	14,294,266	11,532,726
Депозиттер	801,992	969,936
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	82,084	-
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланыла отырып есептелген пайыздық кірістердің жиыны	15,178,342	12,502,662

2018 жылғы 30 маусыммен аяқталған алты ай ішінде пайыздық кірістер сомасына, еншілес ұйымдарға берілген несиелерді бастапқы тану кезінде туындаған дисконтты амортизациялау нәтижесінде алынған 13,468,517 мың теңге (аудиттелмеген) сомасындағы кірістер қосылған (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: 10,787,234 мың теңге).

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

16 Пайыздық шығыстар

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	9,799,244	8,780,120
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	4,377,793	2,664,250
Пайыздық шығыстар жиыны	14,177,037	11,444,370

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде, шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар бойынша пайыздық шығыстар сомасына, шығарылған борышқорлық бағалы қағаздарды бастапқы тану кезінде туындаған, дисконттың амортизациясы нәтижесінде алынған 9,361,872 мың теңге (аудиттелмеген) сомасындағы шығыстар қосылған (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 8,358,572 мың теңге (аудиттелмеген)) (12-ескертпе).

2018 жылғы 30 маусыммен аяқталған алты ай ішінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарызы бойынша пайыздық шығыстар сомасына, Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарызды бастапқы тану кезінде туындаған дисконттың амортизациясы нәтижесінде алынған 4,262,262 мың теңге (аудиттелмеген) көлеміндегі шығысқа қосылған (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 2,587,317 мың теңге (аудиттелмеген)) (13-ескертпе).

17 Алынған дивидендтер

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	Жарияланған, аудиттелмеген	Төленген, аудиттелмеген	2018 жылғы 30 маусымдағы қалдық, аудиттелмеген
«ҚТҚЖБ» АҚ	-	7,675,971	-	7,675,971
«ҚДБ» АҚ	-	1,428,367	(1,428,367)	-
«Даму» ҚДҚ» АҚ	-	1,234,153	-	1,234,153
«ҚИК» АҚ	-	1,108,575	-	1,108,575
«БД» АҚ	-	1,014,182	-	1,014,182
«ҚКМ» АҚ	-	882,282	(882,282)	-
«ҚЭ» АҚ	-	639,389	-	639,389
«КРPF» ЖШС	-	7,140	(7,140)	-
	-	13,990,059	(2,317,789)	11,672,270

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2017 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	Жарияланған, аудиттелмеген	Төленген, аудиттелмеген	2017 жылғы 30 маусымдағы қалдық, аудиттелмеген
«ҚТҚЖБ» АҚ	-	6,778,929	-	6,778,929
«БД» АҚ	-	3,059,355	-	3,059,355
«ҚДБ» АҚ	-	1,995,163	-	1,995,163
«Даму» ҚДҚ» АҚ	-	1,678,218	-	1,678,218
«ҚИК» АҚ	-	926,802	-	926,802
«ҚИҚ» АҚ	-	215,335	-	215,335
«ҰТДА» АҚ	-	81,339	(81,339)	-
«ҚЭ» АҚ	-	32,956	(32,956)	-
	-	14,768,097	(114,295)	14,653,802

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

18 Өзге операциялық кірістер

	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>		
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша еншілес ұйымдарға берілген несиелерді бастапқы тану кезіндегі залал (9 ескертпе)	(3,652,825)	(69,854,813)
Мемлекеттік көмекқаржы (13 ескертпе)	3,808,188	71,957,365
Еншілес ұйымға берілген несиені ерте өтеуден пайда (9 ескертпе)	1,164,494	-
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарызды ерте өтеуден залал (9 ескертпе)	(1,178,761)	-
Басқалар	78,517	(2,279)
Өзге операциялық кірістер жиыны	219,613	2,100,273

19 Әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар

	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>		
Қызметкерлерді ұстау шығысы	991,867	688,021
Консультациялық қызметтер	217,497	62,567
Директорлар кеңесін ұстау шығысы	185,177	183,912
Операциялық жалдау шығысы	138,115	144,715
Аутсорсинг бойынша шығыстар	135,757	86,381
Бағдарламалық жасақтаманың және басқа материалдық емес активтердің амортизациясы	66,378	67,217
Іссапар шығыстары	44,215	48,600
Негізгі құралдарға жататын, басқа да шығындар	40,532	15,661
Негізгі құралдар амортизациясы	22,381	33,367
Байланыс қызметтері	21,275	13,402
Қызметкерлерді оқыту, конференциялар	20,789	3,532
Сақтандыру шығыстары	16,199	15,859
Жарнамалық және маркетингтік қызметтер	14,231	46,906
Кеңселік типографиялық өнімдер, беделдік өнімдер бойынша шығыстар	3,745	7,419
Басқалар	43,220	55,438
Әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар жиыны	1,961,378	1,472,997

20 Табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемдеу

Кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілген, табыс салығы бойынша шығыстарға мына компоненттер кіреді:

	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>		
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	-	-
Уақытша айырма туындау және қалпына келтіру салдарынан кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер мәнінің өзгерісі	(56,755)	424,236
Табыс салығы бойынша (шығыстың)/үнемдеудің барлығы	(56,755)	424,236

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Холдингтік Компанияның пайдасына қолданылатын ағымдағы табыс салығы мөлшерлемесі 20%-ды құрайды (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 20%).

«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

20 Табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемдеу, жалғасы

Төменде, салық салу бойынша нақты шығысты теориялық салық шығысымен салыстыру берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	%	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	%
Салық салуға дейінгі пайда	13,249,609	100.00	16,453,665	100.00
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы	2,649,922	20.00	3,290,733	20.00
Дивидендтер бойынша салық салынбайтын кіріс	(2,798,012)	(21.12)	(2,953,619)	(17.95)
Құнсыздану резервін қалпына келтіру бойынша салық салынбайтын кіріс	(11,878)	(0.09)		
Танылмаған кейінге қалдырылған салықтық активтер	161,802	1.22	69,598	0.42
Салық салынбайтын кірістер/(шегерілмейтін шығыстар)	(58,589)	(0.44)	17,524	0.11
Табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемдеу	(56,755)	(0.43)	424,236	2.58

21 Қаржылық тәуекелдерді басқару

Холдингтік Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі ережелері мен рәсімдері. Холдингтік Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты, Холдингтік Компания ұшырататын, тәуекелдерді талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттерін белгілеуге және тиісінше бақылауға, сондай-ақ, тәуекелдер деңгейін тұрақты бағалауға және белгіленген лимитке сәйкестікке келтіруге бағытталған. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен рәсімдер, ұсынылатын өнімдер мен қызметтердің нарықтық ахуалының өзгерістерін және пайда болған үздік практиканы көрсету мақсатында, тұрақты түрде қайта қаралып отырады.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттың мақсаты мыналар болып табылады:

- Холдингтік Компаниядағы басқару элементі ретінде, тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесін және интеграцияланған процесі құру және тәуекелдерді басқарудың әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартты тәсілдер негізінде Холдингтік Компания қызметін тұрақты жетілдіру;
- Холдингтік Компанияның, өзінің қызметі ауқымына сәйкесетін ыңғайлы тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету;
- қабылданған тәуекелдердің ұстап тұру қасиетін айқындау және тиімді басқарылуын қамтамасыз ету;
- тәуекелдерді уақытында анықтау;
- әлеуетті залалды өтеуге арналған залалды барынша азайту және ағымдағы шығысты төмендету.

Тәуекелдерді басқару құрылымы. Холдингтік Компанияның тәуекелдерді басқару құрылымы, бірнеше деңгейдегі тәуекелдерді, Холдингтік Компанияның мына органдарының және құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен басқару ұсынылған: Директорлар кеңесі, Басқарма, Активтерді және міндеттемелерді басқару жөніндегі комитет, Тәуекелдерді басқару департаменті, Алқалы органдар мен басқа да құрылымдық бірліктердің ішкі аудит қызметі.

Директорлар кеңесі. Тәуекелдерді басқарудың бірінші деңгейі Холдингтік Компанияның Директорлар кеңесіне берілген. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау жүйесінің мінсіз қызметі үшін, маңызды тәуекелдерді және тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін басқару үшін, толықтай барлық жауапкершілікті атқарады. Директорлар кеңесі, Холдингтік Компания қызметінің міндеттерін белгілейді және тәуекелдерді басқаруға жататын құжаттарды бекітеді.

Басқарма. Тәуекелдерді басқарудың екінші деңгейі Холдингтік Компанияның Басқармасына берілген. Холдингтік Компанияның Басқармасы, корпоративтік саясат талаптарының сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін және тәуекелді бақылау құрылымын құру үшін жауапкершілік атқарады. Басқарма Холдингтік Компанияның тәуекелдерін басқаруды және тәуекелдерді басқару философиясын көрсететін, «ұғынықты тәуекелдер» мәдениетін құруға жауапты болады. Басқарма сондай-ақ, барлық қызметкерлердің тәуекелдерді басқаруда нақты белгіленген жауапкершілігі болатындай, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін енгізуге жауапты болады және өздерінің міндеттерін мінсіз орындауға жауап береді. Басқарма, тиісті комитеттер құру арқылы, тәуекелдерді басқару саласындағы өз функциясының бөлігін жүзеге асыруға уәкілетті.

21 Қаржылық тәуекелдерді басқару, жалғасы

Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті. Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті, Холдингтік Компания Директорлары кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші органы болып табылады және Холдингтік Компанияның қаржы-шаруашылық қызметі үшін (оның ішінде, қаржы есептемесінің толықтығы мен дұрыстығы үшін) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу бойынша, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың сенімді және тиімді жұмысына, сондай-ақ, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау бойынша, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын мониторингтеу бойынша, Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлеу арқылы, Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін және сапасын арттыру мақсатында құрылады.

Тәуекелдерді басқару департаменті. Тәуекелдерді басқару департаментіне тәуекелдерді басқару процесінің үшінші деңгейі берілген. Тәуекелдерді басқару департаментінің мақсатына, қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес тәуекелдерді жалпы басқаруды және бақылауды, сондай-ақ, анықтаудың, бағалаудың, басқарудың, есептелікті ұсынудың жалпы талаптары мен әдістерін іске асыруды бақылау енеді.

Ішкі аудит қызметі. Холдингтік Компанияның Ішкі аудит қызметі, тәуекелдерді басқару барысында, тәуекелдерді басқару аудитін және тәуекелдерді бағалау әдістерін жүргізеді, тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған ережелерді әзірлейді. Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша Холдингтік Компанияның Директорлар кеңесіне есептер ұсынады және нормативтік құжаттарда бекітілуіне сәйкесті басқа да функцияларды орындайды.

Құрылымдық бірліктер. Тәуекелдерді басқару құрылымындағы маңызды элементтердің бірі, әрбір қызметкерді қамтитын, Холдингтік Компанияның құрылымдық бірлігі болып табылады. Тәуекелдерді басқару процесінде құрылымдық бөлімшелер (тәуекел иелері) маңызды рөл атқарады. Холдингтік Компанияның қызметкерлері тәуекелдермен күн сайын ұшырасады, тәуекелдерді басқарады және өздерінің қызмет саласына тәуекелдердің әлеуетті әсерін бақылайды. Құрылымдық бірліктер тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-қимылды іске асыруға, қызмет саласындағы ірі тәуекелдерді уақытында анықтауға және олар туралы ақпараттар беруге, жұмыс жоспарына енгізілуге тиісті, тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстар әзірлеуге жауапты болады.

Несиелік тәуекел. Холдингтік Компания несиелік, шарт бойынша міндеттеменің орындалмауы салдарынан өзге тарапқа қаржылық залал келтіру себеп болатын, қаржы құралдарымен операциялар бойынша тараптардың біріне тәуелді болып табылатын тәуекелдерге ұшырағыш. Несиелік тәуекел Холдингтік Компанияның контрагенттермен және оның еншілес ұйымдарымен несие және қаржы активтері, басқа да операциялары нәтижесінде туындайды.

Холдингтік Компания несиелік тәуекелінің ең жоғарғы деңгейі, қаржы активтерінің теңгерімдік құнында, қаржылық жағдайы туралы қысқартылған жекелеген аралық есепте көрсетіледі. Несиені ұсыну жөніндегі кепілдіктер мен міндеттемелер үшін несиелік тәуекелдің ең жоғарғы деңгейі міндеттеме сомасына тең болады. 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша еншілес ұйымдарға берілген, қарыздардың сапасын жақсартуды кепілді қамтамасыз ету мен басқа да шаралар көзделмеген (2017 жылғы 31 желтоқсанда: жоқ).

Холдингтік Компания, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Қаржылық активтерді және міндеттемелерді басқару регламенті негізінде бір конторагентке немесе конторагентке байланысты топтарға арналған несиелік тәуекелдерді бақылайды, лимиттерді белгілейді.

2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, депозиттерді қоспағанда, қаржы активтерінің бір де бір баптары құнсызданған немесе мерімі өткен болып табылмайды (2017 жылғы 31 желтоқсанда: жоқ) (8-ескертпе).

Несиелік тәуекелдің шоғырлануы. Холдингтік Компанияның ақша қаражаты мен депозиттері, 2018 жылғы 30 маусымда жеті банкте орналастырылған (2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: сегіз банкте), бұл Холдингтік Компанияны несиелік шоғырландырудың елеулі тәуекеліне ұшыратпайды.

Еншілес ұйымдарға берілген несиелердің шоғырлануы 69-ескертпеді ашылған.

Инвестициялық бағалы қағаздардың шоғырлануы 10-ескертпеді ашылған.

Валюталық тәуекел. 2018 жылғы 30 маусымдағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Холдингтік Компания елеулі валюталық тәуекелген ұшыраған жоқ.

Нарықтық тәуекел – бұл, шетел валюталарының және пайыздық мөлшемелер алмасу бағамын қоса алғанда, нарықтық бағаның өзгерісі салдарынан, Холдингтік Компания кірісінің немесе оның портфелі құнының өзгеруі тәуекелі. Холдингтік Компания үшін нарықтық тәуекел, валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі тәуекелінен құрылады. Нарықтық тәуекел, нарықтағы жалпы және ерекшелік өзгерістерге ұшыраған пайыздық, валюталық және үлестік қаржы құралдарына және нарықтық бағаның құбылу деңгейіне қатысты, ашық айқындамалар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқарудың мақсаты, нарықтық тәуекелге ұшырағыштық тиімді параметр аясынан шығып кетпеуі үшін, осы ретте қабылданған тәуекелден алынатын кірісті оңайлатуды қамтамасыз ете отырып басқару және бақылау болып табылады.

Нарықтық тәуекелді басқарудың жалпы жауапкершілігі, Қоғам басқармасының төрағасы басшылық ететін, Басқармаға жүктелген. Басқарма, Тәуекелдерді басқару департаментінің ұсыныстарын негізге ала отырып, нарықтық тәуекелдің лимитін бекітеді.

«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

21 Қаржылық тәуекелдерді басқару, жалғасы

Нарықтық тәуекел, жалғасы

Холдингтік Компания, жекелеген қаржы құралдары бойынша портфельдің мәніне қатысты ашық айқындама бойынша лимиттерге, пайыздық мөлшерлемелерге, валюталық айқындамалардың өзгерісі мерзімдерін белгілеуге және лимиттер жоғалтуға, олардың сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу арқылы, нарықтық тәуекелдерді басқарады, олардың нәтижелері Басқармады қаралады және бекітіледі.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі – бұл, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан болатын, Холдингтік Компания кірістерінің немесе оның қаржы құралдары портфелі құнының өзгеруі тәуекелі.

Холдингтік Компания нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің, олардың жекелеген қаржы жағдайындағы және ақша ағынындағы сыйақы мөлшерлемелерінің құбылу әсеріне ұшырағыш. Осындай ауытқулар, пайыздық маржа деңгейін ұлғайтуы мүмкін, алайда, пайыздық мөлшерлеменің күтілмеген өзгерістері жағдайында төмендеуіне, шығындардың пайда болуына алып келуі де мүмкін.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі, қолда бар немесе болжанған активтердің өтеу мерзімі белгіленгеніндей, осыған ұқсас өтеу мерзімі көрсетілген қолда бар немесе болжанған міндеттемелерден жоғары немесе төмен болған жағдайда туындайды. Пайыздық тәуекелдерді басқару, шығындарды толық өтеу қағидасына негізделеді, алынған пайыздық кіріс тартылған және орналастырылған ақша шығындарын өтеуге және таза кіріс пен бәсекеге қабілеттілікті алуды қамтамасыз етуге тиісті.

Төмендегі кестеде 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, Холдингтік Компания пайыздық тәуекеленің жалпы талдауы берілген. Онда Холдингтік Компанияның шарттарға немесе өтеу мерзіміне сәйкес пайыздық мөлшерлемені қайта қарау күндері бойынша теңгерімдік құнды бөлу жөніндегі қаржы активтері мен міндеттемелерінің жалпы сомасы, аталған күннің қайсысы бұрын келетініне байланысты көрсетілген.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Талап етілгенге дейін және 1 айдан кем	1-ден 6 айға дейін	6-дан 12 айға дейін	1 жылдан астам	Пайызсыз	Жиыны
2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген						
Қаржылық активтердің жиыны	2,794,484	13,673,085	3,335,536	418,111,255	11,673,106	449,587,466
Қаржылық міндеттемелердің жиыны	(72,334)	(197,536)	(17,360)	(411,863,178)	(198,022)	(412,348,430)
2018 жылғы 30 маусымдағы пайыздық мөлшерлеме бойынша таза алшақтық, аудиттелмеген	2,722,150	13,475,549	3,318,176	6,248,077	11,475,084	37,239,036

Төмендегі кестеде 2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, Холдингтік Компания пайыздық тәуекеленің жалпы талдауы берілген. Онда Холдингтік Компанияның шарттарға немесе өтеу мерзіміне сәйкес пайыздық мөлшерлемені қайта қарау күндері бойынша теңгерімдік құнды бөлу жөніндегі қаржы активтері мен міндеттемелерінің жалпы сомасы, аталған күннің қайсысы бұрын келетініне байланысты көрсетілген.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Талап етілгенге дейін және 1 айдан кем	1-ден 6 айға дейін	6-дан 12 айға дейін	1 жылдан астам	Пайызсыз	Жиыны
2017 жылғы 31 желтоқсан						
Қаржылық активтердің жиыны	1,995,219	3,884,912	13,368,380	398,752,469	2	418,000,982
Қаржылық міндеттемелердің жиыны	(50,292)	(249,394)	(11,649)	(392,489,983)	(292,478)	(393,093,796)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы пайыздық мөлшерлеме бойынша таза алшақтық, аудиттелмеген	1,944,927	3,635,518	13,356,731	6,262,486	(292,476)	24,907,186

«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

21 Қаржылық тәуекелдерді басқару, жалғасы

2018 жылғы 30 маусымдағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданылатын, пайыздық активтер мен міндеттемелердің пайыздық мөлшерлемелерін және қайта қаралған ұстанымын ұлғайту немесе азайту жағына, жүз негіздік пункттің кірістік сызығын параллель жылжытудың оңайлатылған сценарийі негізінде жасалған, табыстың немесе залалдың (салықты шегере отырып) сезімталдығын, пайыздық мөлшерлеменің өзгерісін талдау:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан
100 базистік тармаққа қосарлас ұлғаю	103,867	62,226
100 базистік тармаққа қосарлас азаю	(103,867)	(62,226)

Холдингтік Компания қаржы құралдары бойынша пайыздық мөлшерлеменің мониторингін жүзеге асырады. Төмендегі кестеде тиісті есепті күнгі пайыздық мөлшерлеме, есептер негізінде берілген.

<i>Орташа өлшемді баға, жылына %</i>	2018 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан
Активтер		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	6.31%	7.30%
Депозиттер	9.80%	9.37%
Еншілес ұйымдарға берілген несиелер	7.35%	7.32%
Инвестициялық бағалы қағаздар	8.31%	-
Міндеттемелер		
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	6.73%	6.72%
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	9.39%	9.42%

Өтімділік. Қаржы міндеттемелері жөніндегі келісімшарттық төлемдер, олардың теңгерімдік құнын амортизацияланбаған дисконттың және болашақ пайыздық шығыстың сомасынан асып кетеді. 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметі шығарған борыштық бағалы қағаздар мен қарыздар бойынша келісімшарттық төлемдері, тиісінше 864,195,125 мың теңге және 251,432,725 мың теңге атаулы құнды (2017 жылғы 31 желтоқсанда: 864,195,125 мың теңге және атаулы құны 243,054,097 мың теңге), сондай-ақ жыл сайын төленетін, тиісінше 15,004,028 мың теңге және 2,667,955 мың теңге (2017 жылғы 31 желтоқсанда: 15,456,448 мың теңге және 2,686,128 мың теңге) болашақ пайыздарды қоса алғанда, сәйкесінше 879,199,153 мың теңгені және 254,100,680 мың теңгені құрайды (2017 жылғы 31 желтоқсанда: 879,651,573 мың теңге және 245,740,225 мың теңге).

Капиталды басқару. Холдингтік Компания капиталға, Холдингтік Компанияның иелеріне тиесілі таза активтер ретінде қарайды. Холдингтік Компанияда капиталға реттегіш талаптар қойылмайды.

Құқықтық тәуекелдер – Холдингтік Компания мемлекеттік уәкілетті органдардың шешімдер қабылдауы, уақытында хабарламауы кезінде заңнаманы дұрыс қабылдамауынан, ішкі құжаттарды сақтамауынан, заңнаманы дұрыс қолданбауынан, заңнаманы дұрыс өзгертпеуінен туындайтын ықтималға байланысты, құқықтық тәуекелге шалдыққыш (өртүрлі жағдайларда: құжаттар әзірлеу кезінде, құқықтық мәнді әрекеттерді жасау кезінде және т.б.).

Холдингтік Компания құқықтық тәуекелін заңнаманың өзгерістерін мұқият мониторингтеу, тапсырмалардың орындалуын мониторингтеу, заң қызметі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, консультанттар тарту арқылы басқарады.

22 Шартты міндеттемелер

Сот талқылауы. Уақыт сайын Холдингтік Компанияға және оның еншілес ұйымдарына қатысты ағымдағы қызметінің барысында сот орындарына талап арыздар түсуде. Өзіндік бағалауды, сондай-ақ ішкі кәсіби кеңесшілердің ұсыныстарын негізге ала отырып Холдингтік Компания басшылығы, талдаулар Холдингтік Компания үшін елеулі зардаптарға алып келмейді деп есептейді, тиісінше Холдингтік Компания аталған талдаулар бойынша қысқартылған жекелеген аралық қаржы есептілігінде залалдарды өтеу резервін қалыптастырған жоқ.

Шартты салықтық міндеттеме. Қазақстанның салық жүйесі, салыстырмалы түрде жаңа бола тұра, ХҚЕС сәйкес қаржылық есептіліктің кірісін, шығысын және басқада баптарын есепке алу тәртібіне қатысты пікірлерді қоса алғанда, заңнамалық нормаларының, ресми түсініктемелерінің және сот шешімдерінің жиі өзгерістермен, көбіне бұлдыр жазылған және қайшылықтарымен сипатталады. Салық есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулермен және тексерістермен, ірі айыппұлдар салуға және пайыздар өндіріп алуға құқығы бар, әртүрлі деңгейдегі реттеуші органдар айналысады. Есепті кезеңдегі салықты есептеудің дұрыстығы, кейінгі бес күнтізбелік жыл ішінде тексерілуі мүмкін, алайда белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұлғайтылуы ықтимал.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

22 Шартты міндеттемелер, жалғасы

Аталған жағдайлар Қазақстандағы салықтық қуынымдар, өзге елдердегіге қарағанда айтарлықтай жоғары болуына алып келуі мүмкін. Холдингтік Компанияның басшылығы, салық заңнамасын, нормативтік талаптарды және сот шешімдерін өзінің түсінігі тұрғысынан, салық міндеттемелері толық дәрежеде көрсетілді деп санайды. Дегенмен де, осы ержелерді тиісті органдардың түсіндіруі басқаша болуы мүмкін және олар өздерінің ұстанымын құқыққа сәйкес деп дәлелдеген жағдайда, осы жекелеген аралық қысқартылған қаржылық есептілігіне елеулі түрде әсер етуі мүмкін.

Операциялық жалдау жөніндегі міндеттеме. Холдингтік Компанияның операциялық жалдаудағы бірқатар ғимараттары мен автокөліктері бар. Жалдау, негізінен, көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін жалдау мерзімі ұзартылу мүмкіндігімен, бастапқы кезеңде бір жылға рәсімделеді. Жалдау төлемдері нарықтық жалдау шарттарын көрсету үшін, әдетте жыл сайын ұлғайтылады. Жалдауға шартты жалдау енбейді.

Несиелік сипаттағы шартты міндеттемелер. 2017 жылғы желтоқсан айында «ҚДБ» АҚ және и «Sumitomo Mitsui Banking Corporation Europe Limited», «Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ Ltd.», «Deutsche Bank AG», «Credit Agricole Corporate and Investment Bank» арасында «PetroKazakhstan Oil Product» ЖШС инвестициялық жобасын қаржыландыру үшін несиелік желісін беру туралы келісім бекітілді. Холдингтік Компания 225,000 мың АҚШ долларынан аспайтын сомаға (76,743,000 мың теңгеге баламалы) «ҚДБ» АҚ несиелік желісін беру туралы келісім бойынша қамсыздандыру ретінде қаржылық кепілдік туралы келісімді бекіті. 2018 жылы несиелік желісін беру туралы келісім бойынша «ҚДБ» АҚ 225,000 мың АҚШ доллары жалпы сомасына, 2030 жылы өтеу мерзімімен және жылдық 4.67% және 4.94% сыйақы мөлшерлемесімен несиелер алды.

23 Байланысты тараптармен жүргізілген операциялар

Егер олар жалпы бақылауда болса немесе егер олардың біреуінің бақылайтын мүмкіндігі болса немесе, өзге тарап қаржы және операциялық шешімдер қабылдау үшін елеулі әсер ете алатын болса, тараптар байланысты болып есептеледі. Тараптар байланысқан қатынастар болуы мүмкін әрбір жағдайды қарау кезінде, заңдық нысанды ғана емес, осындай қатынастарды (мәнін) есепке алу қажет.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Холдингтік Компанияға елеулі ықпалы бар, өйткені соңғы бақылаушы тарап болып есептеледі. Холдингтік Компания жекелеген шағын операциялар және мемлекеттік кәсіпорындармен есептесу қалдықтары бойынша, ақпарат ашудан босатуды қолдану туралы шешім қабылдады.

Төменде 2018 жылғы 30 маусымдағы тараптарға байланысты операциялардың қалдығы көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Еншілес ұйымдар	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Ақша қаражаты және оның баламалары	-	6
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	873,882,161	-
Еншілес ұйымдарға берілген несиелер	418,525,965	-
Инвестициялық бағалы қағаздар:	-	4,294,683
Алынатын дивидендтер	11,672,270	-
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлемдер	-	1,466,347
Өзге активтер	-	2,228
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	(308,417,467)
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	-	(103,732,941)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	-	(1,087,286)
Басқа да міндеттеме	(61,998)	(91,944)

Төменде 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі байланысты тараптармен операциялар бойынша кіріс пен шығыс баптары көрсетілген (аудиттелмеген):

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Еншілес ұйымдар	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Пайыздық кірістер	14,294,266	82,084
Пайыздық шығыстар	-	(14,177,037)
Дивидендтер бойынша кірістер	13,990,059	-
Басқа да операциялық (шығыстар)/кірістер	(2,471,998)	2,629,427
Әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар	(44,000)	(308,234)
Табыс салығы бойынша үнемдеу	-	56,755

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

23 Байланысты тараптармен жүргізілген операциялар, жалғасы

Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Еншілес ұйымдар	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Ақша қаражаты және оның баламалары	-	2
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	873,882,161	-
Еншілес ұйымдарға берілген несиелер	399,200,826	-
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлемдер	-	1,226,993
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	(299,070,782)
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	-	(93,730,536)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	-	(1,144,040)
Басқа міндеттемелер	-	(159,772)

Төменде 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі байланысты тараптармен операциялар бойынша кіріс пен шығыс баптары көрсетілген (аудиттелмеген):

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Еншілес ұйымдар, аудиттелмеген	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар, аудиттелмеген
Пайыздық кірістер	11,532,726	-
Пайыздық шығыстар	-	(11,444,370)
Дивидендтер бойынша кірістер	14,768,097	-
Басқа операциялық (шығыстар)/кірістер	(69,854,813)	71,957,365
Әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар	-	(342,130)
Табыс салығы бойынша шығыс	-	(424,236)

Басқарма және Директорлар кеңесі мүшелерін сыйақылаудың жалпы мөлшері төменде берілген :

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай, аудиттелмеген
Директорлар кеңесінің мүшелері	164,419	158,026
Басқарма мүшелері	113,507	93,585
	277,926	251,611

24 Әділ құн

Әділ құнды анықтау. Холдингтік Компанияның есептік саясаты ережелері мен ақпарат ашу қағидалары көп жағдайда, қаржылық та, қаржылық емес те активтердің және міндеттемелердің әділ құнын айқындауды талап етеді. Әділ құн, төменде көрсетілген әдістерді пайдалана отырып, бағаны белгілеу мен ақпараттарды ашу үшін белгіленді. Мұны қай жерде қолдануға болатыны, активтің немесе міндеттеменің әділ құнын айқындау процесінде жасалған жол берулер туралы қосымша ақпарат, аталған активке немесе міндеттемеге жататын ескертпелерде ашылады.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде, қадағаланатын нарықтық деректер қаншалықты ықтимал екенін Холдингтік Компания түсінеді. Әділ құнды бағалау, тиісті бағалау әдістері шеңберінде қолданылатын негіздік деректерге байланысты, әділ құн сатысының әртүрлі деңгейіне жатады.

1-деңгей: белсенді нарықтағы ұқсас активтер мен міндеттемелерге арналған бақыланатын (бақыланбайтын) бағалар.

2-деңгей: қадағаланбайтын немесе тікелей немесе, жанама болып табылатын, 1-деңгейді бағалау үшін қолданылатын, қолданылатыннан тыс, негізгі (яғни, баға негізінде белгіленген) деректер.

3-деңгей: қадағаланатын нарықтық деректерге негізделмеген, активтердің және міндеттемелердің негізгі деректері (қадағаланбайтын негізгі деректер).

Егер активтердің немесе міндеттемелердің әділ құнын бағалауға қолданылатын негізгі деректер, әділ құн сатысының әртүрлі деңгейіне жатқызылатын болса, онда әділ құнды бағалау толықтай, барлық бағалау үшін маңызды болып табылатын, ең төменгі деңгейдегі негіздерге сәйкесетін сатылы деңгейге жатқызылады.

«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қысқартылған жекелеген аралық қаржылық есептілігіне ескертпелер –
2018 жылғы 30 маусым

24 Әділ құн, жалғасы

Холдингтік Компания есепті кезең аяқталған күнгі әділ құн сатысының деңгейі арасындағы, аталған өзгерістер орын алған уақыттағы аударымдарды мойындайды.

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құнның иерархия деңгейінің қимасында, 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы құралдарының талдауы келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2 деңгей, аудиттелмеген	Әділ құнның жиыны, аудиттелмеген	Теңгерімдік құнның жиыны, аудиттелмеген
Активтер			
Ақша қаражаты және оның баламалары	2,126,086	2,126,086	2,126,086
Депозиттер	12,937,252	12,937,252	12,937,252
Еншілес ұйымдарға берілген несиелер	365,442,527	365,442,527	418,525,965
Инвестициялық бағалы қағаздар	4,288,121	4,288,121	4,294,683
Алынатын дивидендтер	11,672,270	11,672,270	11,672,270
Міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	248,609,617	248,609,617	308,417,467
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	111,732,394	111,732,394	103,732,941

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құнның иерархия деңгейінің қимасында, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы құралдарының талдауы келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2 деңгей	Әділ құнның жиыны	Теңгерімдік құнның жиыны
Активтер			
Ақша қаражаты және оның баламалары	225,777	225,777	225,777
Депозиттер	18,542,858	18,542,858	18,542,858
Еншілес ұйымдарға берілген несиелер	319,176,924	319,176,924	399,200,826
Міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	219,524,526	219,524,526	299,070,782
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	94,468,401	94,468,401	93,730,536

25 Есептік күннен кейінгі оқиға

2018 жылдың шілде айында, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры отырысының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 01-7.16 хаттамасына сәйкес (2017 жылғы 7 тамыздағы өзгертулер мен толықтыруларды ескергенде), Холдингтік Компания тұрғын үй жылжымайтын мүлкін салу үшін өңірлердің (Астана және Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органдары шығарған борышқорлық бағалы қағаздарын сатып алуды қаржыландыру үшін, жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен және 2026 жылы өтеу мерзімімен, 10,600,000 мың теңге сомасына купондық облигацияларды шығарды. Қаражат Холдингтік Компанияның еншілес ұйымы – «БД» АҚ-ға 92 ай мерзімге, жылдық 0.20% сыйақы мөлшерлемесімен несиелер түрінде аударылатын болады.

2018 жылдың тамыз айында Холдингтік Компания «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобаларын қаржыландыру мақсатында республикалық бюджет қаражатынан жылдық 0.10% сыйақы мөлшерлемесімен 13,000,000 мың теңге мөлшерінде несие алды, несиенің мерзімі – 15 жыл. Тартылған қаражат жоғарыда аталған мақсаттар үшін Холдингтік Компанияның еншілес ұйымы «ҚДБ» АҚ-ға 15 жыл мерзімге, жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен несие түрінде ұсынылған.

2018 жылдың тамыз айында Холдингтік Компания «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобаларын қаржыландыру мақсатында республикалық бюджет қаражатынан жылдық 0.10% сыйақы мөлшерлемесімен 12,000,000 мың теңге мөлшерінде несие алды, несиенің мерзімі – 20 жыл. Тартылған қаражат жоғарыда аталған мақсаттар үшін Холдингтік Компанияның еншілес ұйымы «ҚДБ» АҚ-ға 20 жыл мерзімге, жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен несие түрінде ұсынылған.

2018 жылдың шілде айында Холдингтік Компания 11,762,270 мың теңге сомасында жарияланған дивидендтер үшін еншілес ұйымдардан ақшалай төлемдер алды.